ҮКІМЕТ ПАРЛАМЕНТТЕН ҚАШПАСЫН

2-бет

АЙЛЫҚ ПЕН БАЙЛЫҚ СӘЙКЕСТІГІ ТЕКСЕРІЛЕДІ

2-бет

КТО ХОЧЕТ ОСТАТЬСЯ КАЗАХОМ – ИЩЕТ ВОЗМОЖНОСТИ, КТО НЕ ХОЧЕТ – ПРИЧИНЫ

11-бет

ҚАЗАҚ ҮНІ

Q A Z A Q Ú N I

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www. qazaquni. kz || qazaquni2000@gmail. com || 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady || №22 (840), 7 maýsym, 2019

ТОҚАЕВТЫҢ
ТОСҚАУЫЛЫ АЖЫРАСУДЫ ТОҚТАТА АЛМАЙДЫ

Әрине, Президенттің алаңдаушылық білдіретіндей жөні бар. Әрбір отбасы – өз алдына бір шағын мемлекет. Үлкен Отанымыз осындай отбасылардан құралатындықтан, оның түтінінің түзу шыққаны керек бәрімізге. «Атаулы әлеуметтік көмек алу мақсатында көпбалалы ата-аналардың ажырасуы жиілеп кетті. Үкімет пен Президент әкімшілігіне алаяқтыққа тосқауыл қою үшін цифрландыру жүйесін енгізуді жеделдету тапсырылды. АӘК – бұл мұқтаж азаматтарға берілетін мемлекеттің жәрдемақысы», – деп жазыпты Мемлекет басшысы өзінің Twitter парақшасына.

3 бет

АҚЫН мен УАҚЫТ

Ақын өмірінің екі үлкен кезеңі болады – оның туып, қалыптасуы мен кемелденуі. Осының екеуінде де ақын өмірі оның тіршілік құрған ортасымен, дәуірімен, уақытпен тығыз байланысты. Алдымен уақыт пен дәуір оның туып қалыптасуына әсер етсе, кемел шағына жеткен кезде ақын керісінше, уақыт пен дәуірдің өзіне ықпал жасайды, өз творчествосымен қоғамның рухани өміріне әсер етеді...

8-9 бет

ТЕҢГЕНІҢ БІРІНШІ ЖАУЫ - ШИКІЗАТҚА ТӘУЕЛДІЛІК

Ақша айырбастау орталықтарында бір доллар 386-387 теңгеге бағалануда. АҚШ ақшасы 5 күнде 5 теңгеге қымбаттап үлгерді. Ал Ұлттық банк төл ақшамыздың құнсыздануына әдеттегідей мұнай бағасы себеп дейді. Өйткені, «қара алтынның» құны соңғы күндері шамамен 10 долларға арзандап, баррелі 61 доллардан сатылып жатыр. Десе де, Ұлттық банк теңгенің шамадан тыс арзандап кетуіне жол бермейміз деп сендіріп отыр.

2 бет

ҚАРАНАРЫН ХАЛЫҚ ІЗДЕП, ҚОЛДАЙДЫ!

4-5 бет

КАЗАХИ В ТУРЦИИ:
мы выжили под выстрелами и обрели вторую родину

Поселку Алтай в Турции всего 50 лет. Полвека назад предки его нынешних жителей прошли страшный путь из Гималаев почти до Анкары. Они отказались от земли, но бежали от преследований ради того, чтобы сохранить веру. Об этой истории поведал 365info.kz. В этом поселке мы провели несколько дней и услышали много историй...

10 бет

050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, К. Сейітов көшесі, 11 үй. Байланыс телефоны: 8(727)398-57-31 Жазылу индексі – 65380

ҮКІМЕТ ПАРЛАМЕНТТЕН ҚАШПАСЫН

Парламент Мәжілісінің кезекті отырысына салалық министрлерден тұратын Үкімет құрамы түгелге жуық қатысты. Бұл жолғы отырыс Үкімет мүшелері үшін жайсыздау болды. Бірнеше министр Мәжіліс төрағасы Нұрлан Нығматулин бастаған депутаттардың сынына ұшырады.

Мәжілісте әсіресе, білім саласындағы мәселелерді егжей-тегжейлі талқылау керектігі туралы Парламент Мәжілісінің төрағасы Нұрлан Нығматулиннің өзі айтты. «Осы саладағы мәселелерді ретке келтіру керек, себебі білім саласы халықты кеңінен қамтып отыр. Осы бағытқа қажетті қаржы бөлінді, барлық сұрақтар шешілді. Сондықтан, білім саласы жоғары деңгейде заман талабына сай болуы тиіс», – деді ол. Есеп комитетінің мәліметінше, мемлекеттік бюджетте білім беру саласының үлесі 17 пайызға жуығын құрап отыр екен. Бірақ бұл салаға қойылып жатқан сұрақтар әлі де баршылық, шешілмеген мәселе көп. Былтыр елімізде 6700 ұстазға ағылшын тілін үйренгені туралы арнайы сертификаттар берілген. Бірақ олардың небәрі 800-і ғана оқушыларға үш тілде сабақ беріп жүр. Қалғаны ағылшынша оқытпаса да, айлық алып келіпті. Ай сайын сертификаты бар мұғалімдердің барлығына бірдей жалақысына қосымша 35 мың теңгеден төленіп отырған.

Сала басшылары Мәжілістің «Үкімет сағатына» келіп есеп беруге келгенде қашқақтап тұратыны да айтылды. «Парламентке заң жобасын, Үкімет сағатын кейінге шегеру туралы өтініштеріңізді жолдағанды доғарыңыздар, осындай жағдай бірнеше мәрте қайталанды. Парламенттен қашудың қажеті бар ма? Білім және ғылым министрлігінің есебін Мәжілісте тыңдайық. Осы мәселелерді Үкімет сағатынан бөлек, білім тақырыбына арналған Парламенттік тыңдауда қарастырған жөн. Күләш Ноғатайқызы, қыркүйекте сіздерді Мәжілістегі Үкімет сағатында күтеміз. Балалар қыркүйекте мектепке барса, сіз Мәжіліске келетін боласыз», – деді Н. Нығматулин ҚР Білім және ғылым министрі Күләш Шәмшидиноваға.

ТЕҢГЕНІҢ БІРІНШІ ЖАУЫ – ШИКІЗАТҚА ТӘУЕЛДІЛІК

Ұлттық банктегілер доллардың қымбаттап, теңгенің құнсыздануын мұнай бағасының төмендеуімен түсіндірді. Олар тағы да әдеттегі әніне басып девальвация болады деп қауіптенудің қажеті жоқ екенін айтты.

Ақша айырбастау орталықтарында бір доллар 386-387 теңгеге бағалануда. АҚШ ақшасы 5 күнде 5 теңгеге қымбаттап үлгерді. Ал Ұлттық банк төл ақшамыздың құнсыздануына әдеттегідей мұнай бағасы себеп дейді. Өйткені, «қара алтынның» құны соңғы күндері шамамен 10 долларға арзандап, баррелі 61 доллардан сатылып жатыр. Десе де, Ұлттық банк теңгенің шамадан тыс арзандап кетуіне жол бермейміз деп сендіріп отыр. «Әлемдегі сауда текетіресінің күшеюінен «Brent» маркалы мұнайдың бағасы түсті. Тиісінше, бұл теңгемізге әсер етіп отыр. Валютамызға қауіп төнсе, Ұлттық банк валюталық интервенция жасауға құқылы. Жағдайды бақылап отырмыз», – дейді Ұлттық банк төрағасының орынбасары Мәдина Әбілқасымова. Сарапшылар бұған Американы кінәлап отыр. Айтуларынша, нарықты жаулау үшін Ақ үй мұнай экспорттаушы Иран, Венесуэла сияқты елдерге санкция салып, өзі «қара алтынды» шамадан тыс өндіріп жатыр. Тіпті, артық қор жиналып, баға құлдырап кеткен. Бұлай жалғаса берсе, теңге әлі де әлсіреуі мүмкін. «Трамп барлығын Америка халқы үшін істеймін деп айтты. Бірақ өзінің мүддесі тұрғысында әрекет етіп жатыр. Сондықтан, доллар 387-390-ға дейін баруы мүмкін. Бірақ, 400-ге жақындамайды», – дейді экономист Сапарбай Жұбаев. 390 мен 400-дің арасы алыс емес, жағдай ушығар болса, Қазақстан тығырыққа тірелуі мүмкін. Сондықтан, Үкімет тағы Ұлттық қорға қол салуға мәжбүр болады. Шикізатқа тәуелділік деген осы.

ШЕНДІЛЕРГЕ СОТ ШЕШІМІ ШЫҚТЫ

Қызметкерлеріне 22 млн. теңге сыйақы беріп, жартысын қайтарып алған Алматы қалалық мамандандырылған күзет қызметінің лауазымды тұлғаларына сот үкімі жарияланды.

Алматы қаласының №2 Медеу аудандық сотының үкімімен Алматы қалалық мамандандырылған күзет қызметі басқармасының бастығы И.Дзигалюк, батальон командирі А.Арашев, оның орынбасарлары Б.Нысанбаев пен А.Орынбаев жеке құрамы қызметкерлеріне берілген жалпы сомасы 22 млн. теңге сыйақының бір бөлігін өздеріне қайтарып алғаны үшін кінәлі деп танылған. Олар сол арқылы лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдаланған. Сот үкімімен И.Дзигалюк, А.Арашев, Б.Нысанбаев және А.Орынбаев мемлекеттік қызметте, судья қызметінде, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, ҚР Ұлттық банкінде және оның ведомстволарында, мемлекеттік ұйымдарда және жарғылық капиталында мемлекет үлесі 50 пайыздан асатын ұйымдарда, сондай-ақ, ұлттық компанияларда және холдингтерде лауазымдарды атқару құқығынан өмір бойына айырылып, 3 жыл 6 айға бас бостандығынан шектелді. Сотталғандар сондай-ақ, 100 сағат қоғамдық жұмысқа тартылды және арнайы полиция атақтарынан айырылды.

ҚАЙРАҢДА ҚАЛҒАН КЕМЕЛЕР

Атырауда қайраңда қалған кемелерді жағаға шығаруға қаражат табылмай жатыр. Табаны бірнеше метр топыраққа батып қалғандықтан, оны қозғайтын алпауыт техника да таптырмайды.

Жайық өзені жағасында тот басқан кеме қалдықтары атыраулықтарды алаңдатқалы біраз уақыт болды. Көктемде су келген мезгілде айдынның ортасында, су тартылғанда жағада қалады. Кезінде балық шаруашылығында қолданылған су көліктері бүгінде жарамсыз, көзге шыққан сүйелдей қаланың көркін қашырып тұр. Техниканы түгелдей шығара алмай, жұмысшылар беткі бөлігін ғана кесіп тастаған. Қала әкімшілігі қаржы таба алмай ірі кәсіпорындарға ұсыныс жолдағанмен, ешкім қолға алмады. Бір кезде Атырау аумағындағы 6 кеменің екеуі ғана жағаға шығарылған.Ал экологтар бұл қоршаған ортаға үлкен зиян әкелуі мүмкін деп отыр. Кемердегі жанармай қалдықтары төгілсе, өзен суын ластап, адамдар мен балықтарға қауіп төндіреді. Сондықтан, Атырау, Маңғыстау облыстарында су жағасында жатқан кемелерді жою үшін кешенді бағдарлама керектігін алға тартады.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Алик Шпекбаев заңсыз байыған мемлекеттік қызметшілерге жауапкершілік енгізу жөнінде ашық пікірін білдірді.

АЙЛЫҚ ПЕН БАЙЛЫҚ СӘЙКЕСТІГІ ТЕКСЕРІЛЕДІ

Жылдар бойғы барлық саланы жайлаған жемқорлықпен күресу нақты нәтиже бермегені белгілі. Жылына миллиардтаған қаржы ұрланып жатыр. Сондықтан, бұл бағытта заңды қатайтып, заман талабына орай жаңа әдістерді қолдану қажет. «Қазір заңсыз баю туралы арнайы заң қабылдау мәселесі талқыланып жатыр. Біздің ұсынысымыз жалпы қолдау тапты, екі ай ішінде барлық мүдделі мемлекеттік органдармен, оның ішінде қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдармен әзірлеген ұсынымдарды енгізу қажет», – деді агенттік төрағасы тілшілерге берген сұхбатында. Сонымен бірге, А.Шпекбаев заңсыз байығандарды анықтайтын механизм туралы әңгімеледі. «БҰҰ конвенциясы аясында халықаралық механизм бар, онда барлық жағдай қарастырылған. Бірақ, біз бүгін қаржылық және мансаптық санкциялар жөнінде мәселе қойып отырмыз. Қылмыстық жауапкершіліктің де енгізілуі бек мүмкін», – деді ол. Еске сала кетсек, Алик Шпекбаев бұдан бұрын заңсыз табыс тапқан мемлекеттік қызметшілерді жауапқа тартуды ұсынған болатын.

БАСТАПҚЫ ЖАРНАСЫЗ БАСПАНА

Қазақстан ипотекалық компаниясы мен ҚР Денсаулық сақтау, Білім және ғылым министрліктері арасында «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша сатып алу құқығы мен тұрғын үйлерді жалға беру туралы келісімдерге қол қойылды.

Осы келісімдер арқылы министрліктер мен ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметкерлерін тұрғын үймен қамту жоспарланған. Аталмыш бағыттағы қызметті қаржыландыруға шамамен 40 млрд. теңге «ҚИК» ИҰ» АҚ меншікті қаражаты мен нарықтық талаптарға сәйкес, қарызға алынған қаражат жұмсалатын болады. Осыған сәйкес, бағдарламаны іске асыру мемлекеттік бюджетке қосымша салмақ салмайды. Қатысушылар үшін жалға берілетін тұрғын үйді жалдау мерзімі 20 жыл. Баспана бастапқы жарнасыз беріледі. Тұрғын үйді кез-келген уақытта және айыппұл санкцияларын қолданусыз мерзімінен бұрын сатып алу мүмкіндігі бар. Кіріс жеткіліксіз болған жағдайда, кепілгерлерді тарту мүмкіндігі де қарастырылған. Бұл ретте бағдарлама бойынша жалгерлік төлемнің орташа айлық құны республика бойынша орташа бағадан төмен болмақ. «Қазақстан ипотекалық компаниясы білім беру және денсаулық сақтау саласының қызметкерлері үшін тұрғын үйді ипотекалық несиелендіру бойынша арнайы бағдарлама әзірледі. Компаниямыз 2015 жылдан бері сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үйлер салу мен сатып алуды қаржыландырып келеді. Осы кезге дейін біз Қазақстан бойынша 18 мыңнан астам отбасын тұрғын үймен қамтамасыз еттік. Компанияның осынау тәжірибесі осы әлеуметтік маңызы бар жобаны нәтижелі іске асыруға мүмкіндік береді деген сенімдеміз», – деді «ҚИК» ИҰ» АҚ Басқарма төрағасы Әділ Мұхамеджанов ОКҚ-а өткен баспасөз мәслихатында. Тұрғын үй алуға үміткерлер тізімін тікелей министрліктер құратын болады.

ЖӘРДЕМАҚЫ КӨЛЕМІ КӨТЕРІЛЕДІ

2019 жылғы 1 шілдеден бастап мүгедек бала тәрбиелеп отырған ата-аналарға және бала кезінен I топтағы мүгедекке күтім көрсететіндерге берілетін жәрдемақы көлемі өседі. Бұл жөнінде «Азаматтарға арналған үкімет» корпорациясының баспасөз қызметі мәлім етті.

«Nur Otan» партиясының XVIII съезінде Елбасының берген тапсырмасына сәйкес, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға берілетін жәрдемақы көлемі 30% өсуі тиіс. «Бүгінде мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасылар күнкөріс көлемінің 1,05 мөлшерінде 31 183 теңге жәрдемақы алып отыр. 1 шілдеден бастап оның көлемі 10 395 теңгеге өсіп, 41 578 теңгені құрайды. Айта кетейік, елімізде аталған екі жәрдемақы түрі 95 мыңнан астам адамға тағайындалған. Оның 82 мыңға жуығы – мүгедек баланы тәрбиелеп отырғандар болса, 13 мыңнан астамы – бала кезінен I топтағы мүгедектерге күтім көрсететіндер» делінген хабарламада. Жылдың ортасынан бастап көлемі өсірілетін жәрдемақының қайта есептелуін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының бөлімшелері мен Еңбек комитетінің аймақтық департаменттері автоматты түрде жүзеге асырады, бұл үшін жәрдемақы алушылар қосымша құжат тапсырмайды.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтен әлеуметтік көмек алу үшін елімізде көпбалалы отбасыларында ерлі-зайыптылардың ажырасулары күрт көбейіп кеткенін айтып, алаңдаушылық білдірді. «Мемлекет басшысы атаулы әлеуметтік көмек алу үшін көпбалалы ата-аналардың ажырасуы жиілеп кетуіне байланысты бұл алаяқтықты тоқтатуға тапсырма берді», – деп хабарлады sputniknews.kz.

Әрине, Президенттің алаңдаушылық білдіретіндей жөні бар. Әрбір отбасы – өз алдына бір шағын мемлекет. Үлкен Отанымыз осындай отбасылардан құралатындықтан, оның түтінінің түзу шыққаны керек бәрімізге. «Атаулы әлеуметтік көмек алу мақсатында көпбалалы ата-аналардың ажырасуы жиілеп кетті. Үкімет пен Президент әкімшілігіне алаяқтыққа тосқауыл қою үшін цифрландыру жүйесін енгізуді жеделдету тапсырылды. АӘК – бұл мұқтаж азаматтарға берілетін мемлекеттің жәрдемақысы», – деп жазыпты Мемлекет басшысы өзінің Twitter парақшасына.

ТОҚАЕВТЫҢ ТОСҚАУЫЛЫ АЖЫРАСУДЫ ТОҚТАТА АЛМАЙДЫ



Біріншіден, бұл Тоқаев айтқандай алаяқтық емес – амалсыздық, жанұясын жұрт қатарлы баға алмағандықтан туындаған шарасыздық. Жұмыс бірде бар, бірде жоқ, алатын айлығы мардымсыз ата-ана басқа не істесін, банктерді тонамайды ғой. Алаяқтық деп бас пайдасы үшін біреулерді арбап-алдап, соның есебінен байлыққа кенелетіндерді атайды. Мысалы, Елордадағы баспаналарды үлескерлердің жарналық ақшасына салып, екінші бреулерге заңсыз тағы да сатып жіберіп, адамдарды бір-бірімен соттастырып қойған мердігер құрылысшыларды атай аламыз. Сол сияқты, ата-бабаларымыз ұрпақтарына аманат етіп кеткен қасиетті жеріміз бен оның қойнауындағы қазба байлықтарды, халық меншігіндегі зауыт, фабрикалар мен өзге де құндылықтарды заңсыз жекешелендіріп алып, миллиардтап пайда тауып, арам ақшаларын шетелге жасырып жатқан жемқорларды да алаяқтардың алдыңғы қатарына жатқызуға болады. Егер балашағасын асырамақ ниетпен болымсыз жәрдемақы алу үшін ажырасқандарды алаяқ деп есептесек, халыққа ешбір елде жоқ жоғары пайызбен несие беріп алымшыларды қан қақсатып жатқан банкирлерді кім деп атаймыз? Тосқауылды алдымен соларға қою керек шығар. Біздің бұл ойымыз отбасыларда ажырасу жалғаса берсін дегенді білдірмейді. Шаңырақтың шырқы бұзылуына түрткі болып жатқан қоғамдағы келеңсіз көріністерді көрсетіп отырғанымыз деп түсініңіздер.

Көптеген отбасының өз шаңырағын шайқалтуына атаулы әлеуметтік көмекті алу басты себеп болып отырғанын бұдан бұрынырақ Шымкент шаһарындағы соттар хабарлаған болатын. Ұлттық салт-дәстүрді қатаң сақтайтын қазақы өңірде бұрын-соңды мұндай үрдісті көрмегендіктен «Көпбалалы аналар ажырастыруды талап етіп соттың алдын бермеуде, ал әкелері мемлекеттен көмек алу үшін балаларынан бас тартып жатыр!» – деп жанайқайға басты еліміздің болашағын ойлайтын ондағы азаматтар. Онысы орынды, дер кезінде дабыл қаққан. Бір соттың өзіне аптасына 10-15 арыз түсетін көрінеді. Алып қалада қанша сот бар, ал еліміз бойынша сонда осы тектес қанша арыз түсетінін санап көріңізші. Бұл алаяқтықтан бұрын – ұлтқа төнген қауіп-қатер, керек десеңіз, жалпыхалықтық трагедия. Көпбалалы отбасылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайының тым төмендеп кеткенін байқататын нақты көрсеткіш.

Біздегі заң бойынша ақшалай атаулы әлеуметтік көмек жан басына шаққандағы айлық табысы кедейлік шегінен төмен жеке тұлғаларға, мүгедектерге ғана беріледі. «Күн көру деңгейінің жетпіс пайызы» деген түсініктің өзі қайдан шықты, оны кім ойлап тапты? «Адам басына шаққандағы кіріс ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызынан, яғни 20 789 теңгеден сәл ғана асып кетсе, бұл отбасы тұрмысы нашар отбасы санатына кірмейді. Себебі, тәртіп сондай» – деген болатын бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Бердібек Сапарбаевтың өзі Үкімет үйінде өткен баспасөз мәслихатында журналистердің қойған сұрағына. Сонда не болғаны, аты айтып тұрғандай «күн көру деңгейінің жетпіс пайызына» қалай күн көруге болады? Демек, тамақ ішсең киінбей жалаңаш жүріп, киінсең аш отыруың керек қой. «Күн көру деңгейінің жетпіс пайызына өмір сүр» деген сөздің өзі естір құлаққа ерсі, санаға сиымсыз емес пе? Ал, жалдаған пәтердің жалақысы мен басқа да төлемдерді кім төлейді? Құдай бетін аулақ қылсын, ауырып қалсаңыз ақшаңыз болмағандықтан арам өлесіз. Бұл жерде жырға айналған «жетпіс пайыздың» өзі ешқандай жәрдем бере алмайды.

Естеріңізге сала кетейік, осы «жетпіс пайыздың» өзіне жұрт әзер қол жеткізді емес пе?! Халықты әлеуметтік жағына қорғауға тиісті бұрынғы министр Мәдина Әбілқасымованың «Бізде бес балаға айына 16 мың теңге көмек беріледі!» деп шіренгені ұмытыла қойған жоқ. Соның өзін көпсінген кейіп танытты. Оның сөзіне қарасақ, Мәдина Әбілқасымованың өзі небары 8 мың теңге айлыққа өмір сүріп отырған секілді көрінді. Бұл не деген көрсоқырлық, мынандай қымбатшылық заманда 16 мың теңгеге бес баланы қалай асырауға болады? Осы сөзді қай бетімен айтты? Ақыры көпшіліктің талабына орай қызметінен кетуіне тура келді. Мысалы, табиғи ресурстары шамалы Финляндияда 17 жасқа дейін бір балаға айына – 94,88, екінші балаға – 104,84, үшінші балаға – 133,79, төртінші балаға – 153,24, келесілеріне – 172,69 еуро 17 жасқа дейін төленеді. Ата-аналарының кірісі мен кілем, сырмақ сияқты мүліктері, тауықтары мен итмысықтары біздегідей есепке алынбайды, жалғызбасты аналарға қосымша тағы да үстеме 53,30 еуро тағайындалады. Ал жер қойнауы қазба байлыққа толы, небары 18 миллион ғана халқы бар қазақ елі неден таршылық көріп отыр, неге сол байлық ұлттың әлеуметтік-тұрмыстық саласына бағытталмайды?

Әзер қол жеткіздік деуіміздің де өз себебі бар. Үстіміздегі жылдың ақпан айында Астанада ата-аналары түнгі ауысымда жұмыс істеуге мәжбүр болып, үйде қараусыз қалған бес бірдей сәбилері тірідей өртеніп кеткен трагедиядан соң, осыған байланысты бүкіл еліміздегі аналардың жанайқайынан кейін ғана билік бетін бері бұрған сынай аңғартты. Сондағы жарылқағандары – жоғарыда айтылған атаулы әлеуметтік көмек мөлшерін 20 789 теңгеге дейін көтеруге мәжбүр болды. Министрдің айтуынша, атаулы әлеуметтік көмекпен қамтылатындар саны бұрынғы 570 мыңнан 830 мың отбасыға дейін көбеймек. Яғни, осы күнге дейін кем дегенде 160 мыңнан астам адамдар жәрдемақыдан қағылып келген деген сөз. Бұл да толық дерек емес, жағдайы төмен отбасыларды түгендеу түпкілікті аяқталған жоқ. Оның өзі аналарды «ана құжат қажет, мына құжат керек» деп зыр жүгіртуде. Жәрдемақыға мұқтаж адамдар саны неге мұнша көп? Өйткені, біздің елімізде тұрғындарымыз тұрақты жұмыспен қамтылмаған. Жұмыс табылса да айлығы тым аз, оған 5-6 баланы асырау мүмкін емес. Елімізде орташа жалақы 160-170 мың теңге деңгейінде деген ресми жаияланып жүрген деректер қып-қызыл өтірік. Миллиондап айлық алатын әкімдер, министрлер, депутаттар төменде не болып жатқанынан мүлдем хабарсыз. Олар өздері сол көпшіліктің ортасынан шыққандарын әлдеқашан ұмытқан. Биліктегілер бастауыш сыныптарда оқытатын қарапайым математиканы білмейді немесе білгісі келмейді. Орташа жалақы барлық айлық жиынтығын тұрғындардың түгелдей санына бөлгенде анықталады емес пе? Оның ішінде жұмыссыз жүрген жүздеген мың адамдарымыз да болуы керек. Олар да біздің қоғам мүшелері, жұмыссыз қалғандары үшін кінәлі емес. Жұртқа жұмыс тауып беріп, ел экономикасы еселеп өсіруге тиісті лауазымдылар мұндай міндеттің өздеріне жүктелгенін білмейтінге ұқсайды. Осы жерде мына бір мәселені де айта кеткен орынды. Бәзбіреулер: «Қазақ жалқау, жұмыс істегісі келмейді, Үкіметке қарап аузын ашудан басқаны білмейді» дегенді айтып қалып жүр. Біз бұған түбегейлі қарсымыз, қазаққа қара күйе жағудың қажеті жоқ. Кезінде жыл сайын миллиард пұт астық жинап, миллиондап мал өсіріп, бүкіл кеңестер одағын асыраған қазақты бүгін Құдай ұрып па? Жоқ, ұрса жер байлығын дұрыс пайдаланып, соны ұйымдастыра алмай отырған билік басындағыларды жын ұрған болуы керек. Лайықты жалақысы бар тұрақты жұмысы болса 20 мың теңге үшін балаларынан безініп, әйелімен ажырасатындай қазақтың еркектері түгелдей есінен ауыспаған шығар...

Арнайы әлеуметтік көмек алу үшін өтініш қабылдаудың өзі 2019 жылдың 1 сәуірінен дау-жанжалмен басталды. Жер-жерлерде көпбалалылардың тұрмыстық деңгейін анықтау мақсатында жұмыс істеген арнайы комиссиялар ата-әжелерінің зейнетақысы мен үйдегі жиһаздарды, тауықтарының туылмаған жұмыртқасына дейін шотқа салып кіріс қатарына есептеп, жәрдемақыны қайткен күнде де бермеудің амалына көшкені қоғамда наразылық туғызды. Бұл туралы «Қазақ үні» (18.03.2019ж.) газеті де дереу үн қосып, «Қарияларды қаңғыртып жібереміз бе?» деген тақырыппен сын материал жариялаған болатын. Онда немерелеріне арнайы жәрдемақы тағайындату үшін ата-әжелері өз үйінен тіркеуден шығып, басы ауған жаққа қаңғып кетуіне тура келетіні айтылған-ды. Енді міне, балаларға берілуге міндетті болар-болмас қаржы үшін ата-аналарын ажырастыруға дейін жеткіздік. Осылай жалғаса беретін болса бұдан да асқан сұмдықтарды көретін боламыз. Сонда осы ата-аналар мен ата-әжелердің бәрі шетінен алаяқ болғандары ма?..

Арнайы жәрдемақының басын ауыртпай-ақ жайына қалдырайық. Ашығын айтсақ елімізде некелерін заңды түрде бұзып, сот арқылы ресми түрде ажырасу бұған дейін де ушығып тұрған-ды. Бұл жерде жәрдемақыға қатысты «алаяқтықтың» ешқандай қатысы жоқ. Алыстағы тұрмысы ауыр ауылдар мен аудандарды айтпаған күннің өзінде өмір сүру деңгейі жоғары деп есептелетін Алматы қаласының өзінде ажырасқан отбасылар саны күрт көбейіп кеткен. Қалалық Әділет департаментінің өкілдерінің айтуынша тек биылдың үш айында 1772 отбасы некесін бұзған. Бұл былтырғы көрсеткішпен салыстырғанда 7 пайызға жоғары. Ал, некеге тұрған азаматтардың саны 17 пайызға азайған. Статистикаға келсек, 2017 жылы бұзылған неке саны – 6800, ал 2018 жылы бұл көрсеткіш 7 мыңнан асты. Некеге тұрғандар саны 2017 жылы – 17 мың адам, 2018 жылы – 16 мыңнан сәл ғана асты. Біздегі ажырасулардың 80 пайызы сот арқылы жүзеге асады, өйткені ол отбасылардың кәмелетке толмаған балалары бар. Ал, қалған 20 пайызы АХАТ бөлімдеріне келіп некесін бұзуға өтініш жасайды екен. Оның себептері де жетерлік. Қоғамдық ұйымдар жүргізген сауалнамаларға қарағанда – жас жұбайлардың бір-бірін түсінбеушілігі, жұмыссыздық, ауыр тұрмыстық жағдай, жастар пәтерден пәтер жалдап көшуден жалыққандықтан шаңырақтарын шайқалтып жатыр. Бұған не дейміз, жәрдемақысыз-ақ ажырасып жатқандарды да алаяқ атандыруымыз керек пе?

Жоғары мінберден билік басындағылар халқымыздың саны өсіп келеді деп сүйінші сұрап жататыны бар. Дұрыс, оған қуануымыз керек. Енді бір лауазымдылардың беті бүлк етпестен: – «Бұл әйелдер сонша міндетсінетіндей бес баланы Үкімет үшін тауып па еді!» дегендеріне де куә болып жүрміз. Бұл нағыз топастық. Үкімет деп отырғаны осы сөзді айтқан санасыздар ма? Олар ақшаны өз қалтасынан төлеп, Үкіметті де жекешелендіріп алған ба? Әлде бейкүна балалар олардың табағына қол сұғып па? Мына сөздерін басқаша түсіну мүмкін емес қой. Ұрпақ өсірмеген, оның жағдайын жасамаған елдің ертеңі жоқ. Сонау соғыстан кейінгі жылдардың өзінде әрбір үйде кем дегенде 5-6 алты баладан болатын. Бірақ сол кездегі басшылар «Баланы неге шұбыртып таба бересің?» деген емес. Керісінше, әрбір балаға мемлекет тарапынан тұрақты көмек көрсетілетін.

Байқап отырғандарыңыздай, ажырасу мәселесі жәрдемақыда емес, халықтың тұрмысының тым төмендеп кеткенінде болып отыр. Біз отыз жылға жуық көптеген проблемалардың себебімен емес, салдарымен күресіп келеміз. Мәселе неге пайда болды, оның алдын алып қалай шешуге болатынын ескермейміз. Жәрдемақы үшін жаппай ажырасулардың да себебін көре-біле тұра, «бұл – алаяқтық» деп өзімізше тосқауыл қоймақпыз. Дәп осы жерде Президент айтқан цифрландыру да нәтиже бермейді. Ол адамдардың қанша баласы бар, айлығы мен мал-мүлкінің есебін ғана шығарып бере алады. Тоқаевтың тосқауылы ажырасуды тоқтата алмайды. Ол үшін алдымен жайлаған жемқорлықты жойып, қарапайым халықты тұрақты жұмыспен қамтып, тұрмыстық жағдайын түзеуіміз керек. Сонда ғана «алаяқ ата-аналардан» арылатын боламыз...

2-3-бетті дайындаған
Зейнолла ҚАБИОЛЛАҰЛЫ

ҚАРАНАРЫН ХАЛЫҚ

ИСЛАМНЫҢ ИГІ ІСТЕРІ

3 ақпан Өскемен қаласының жаңа тарихында елеулі оқиғамен есте қалатын болды – бұл күні қала жұртшылығы соңғы үш жылда қала әкімі қызметін абыроймен атқарған, енді Ауыл шаруашылығы министрлігі Су комитетінің су жаңа төрағасы болып тағайындалған Ислам Әбішевпен қимай-қимай қоштасты. «Абыроймен атқарған» деу, орысша айтқанда «ничего не сказать».
Біріншіден, облыс әкімі Бердібек Сапарбаев: «өзім әкелген адамым болғандықтан, жібергім келмеп еді, бірақ, Исекең үшін Премьер-министрдің өзі өтініш жасаған соң босатпауға болмады» деп әр кездегідей ағынан жарылды.
Жалпы, осы арада алдымен Бердібек мырзаның тұлғасына арнайы аз-кем тоқталып өтпесек, әділдіктен аттап кетеріміз ақиқат.

ШЫНАЙЫЛЫҚ – БАР ИГІЛІК БАСТАУЫ

«Әділ әкім тұсында өмір сүр»
әл-Фараби

1999 жылы Оңтүстік Қазақстан облысына Президент Н.Назарбаев жаңа әкім етіп оған дейін Қызылорда облысын басқарған Бердібек Сапарбаевты тағайындады. Жай ғана тағайындаған жоқ, күнгей аймақтың жетекшісі сенімді ақтай алмаған басшы ретінде орнынан алынып, сол азамат жіберген көп олқылықтың орнын толтыруға, қателіктерін жөндеуге әкелгенін халық алдында ашық айтты. Қызылорда да аты бір облыс болғанымен, бұрыннан «Қазақстанның астанасы – Алматы, қазақтардың астанасы – Шымкент» атанған, Семейдің тумасы Мұхтар Мағауиндей дуалы ауыз адам «Шымкент Қазақстансыз өмір сүре алады, ал, Қазақстан Шымкентсіз өмір сүре алмайды» деп айтты делінетін (өйткені, қоғамның қай саласын алсаңыз да оның қаймағының жартысына жуығы осы күн сүйген өңірдің ұл-қыздары) әйгілі Шымкенттің ширегіне де келмейтіндіктен, бұл өңірде еліміздегі жалпы қазақ ұлтының 20 пайызына жақыны тұратындықтан, оның үстіне ол өзі табиғи түрде үш жүздің басы қосылған – басқа бір де бір облыста ондай жағдай жоқ – мінезді халық болғандықтан, «ойпырмай, жаңа әкімнің дөңгелентіп әкетуге шамасы жетер ме екен» деп күдікпен қарағандар көп болды.

Бірақ, күдік орынсыз болып шықты, үміт артығымен ақталды. Барлық стратегиялық салалар жекешеленіп, пысықтардың ұстағанының қолында, тістегенінің аузында кетіп, жарықсыз, жылусыз, отынсыз-газсыз қалған, қыс бойы көп қабатты үйлердің тұрғындары далаға қазан асып, тамақ істейміз деп сандалып кеткен елге «біздің заманымыздың геройларымен» сан рет Жоғарғы сотқа дейін барып соттасып жүріп, жылуды, жарықты, отын-газды мемлекеттің қарамағына қайтарып берген, артына халықтың қамын ойлар қарапайым басшылықтың өнегелі ісі мен ізін қалдырған, **«ер екеніңді білейін, Оңтүстікті басқарып көрші»** деген ұлағатты сөзін қалдырған Бердекең Ордабасы ауданында кірпіш зауытын ашып, сапалы өнім шығарып, кәсіпкерлігімен көзге түсіп жүрген облыстық мәслихат депутаты Ислам Әбішевті Ордабасы ауданына әкім етіп тағайындады. Әкімнің қолтаңбасы жайлы қырық жылдай сол ауданда мектеп директоры, білім беру бөлімінің меңгерушісі болып істеген Әріпбек Тынысбаев ақсақал айтады:

– Біздің ауданда Исламға дейін де, одан кейін де ондай әкім болған емес. Ең алдымен, Исекең екі жылдай жұмыс істегенде «пара алды» деген аты шықпай-ақ кеткен басшы. Екіншіден, мен жаңа мектеп салдыруға бұрынғыдай қаржы жоқ, қиын кезең, мектеп ғимараттарына жапсарма (пристройка) салып жол таба тұрайық деген оймен алдына барғанымда, ойпырмай, іскер адамның аты іскер адам екен ғой, сөзді созған жоқ, қандай зат, қанша керек, ең ақыры шегенің қай түрінен қанша кілә қажеттігін түп-түгел жазып әкеліңіз деп қысқа қайырды және кейін ісі де сөзіне сай болды.

Ал, оның облыс әкімінің бірінші орынбасары болып тұрғанда тасқын судың зардабын жою үшін ауданға келіп, резеңке етікті киіп алып, жұртпен бірге жұмыс істеген қарапайымдылығын, оралмандарға бұрынғы саяжайды екі ауыл етіп, оған әкімшілікті тез арада бюрократиялық созбұйдаға салмай ашып берген алғырлығын, алаңға гүл ектірген эстеттігін айтсайшы! Ордабасы ауданынан облыс әкімінің орынбасары болып жоғарылаған Ислам Әбішев екі айдан соң бірінші орынбасарлыққа көтерілді. Тоғыз жыл бойы бір орында тапжылмай отырған ол төрт әкіммен тіл табысып жұмыс істеді. Орыста «кто возит, на том и грузит» деген сөз бар. Исекеңе де керегі сол – жұмыс. Неғұрлым қиын болса, соғұрлым құлпыра түседі. Әкімдер де әккі халық қой, әбден біліп алған, «аузымдағы сөзімді алған, қарағым, қолымдағы ісімді алған, қарағым!» деп Абай атамыз жазғандай, қайда ауыр мәселе пайда болса, соған Сталиннің Жуковы секілді Ислам Әбішевті жұмсайды. **Шегіртке деген тілсіз жау бар, онымен күресудің жолын таба білмесең басынып басыңа шығады, астанаң Астананы да жаулап алады, ал, Шымкентте оны облыс орталығы тұрмақ аудан орталығына да жеткізбей желкесін қиып, қайтып бас көтере алмастай етіп біржолата жайпап тастағанша йқастың алдыңғы шебінде Исекең жүрді**.

Қардың суынан елдімекендерді тасқын су алады деп кім ойлаған, Келес өңірінде мың жарым үй жарамсыз болып қалды. Төтенше комиссияны басқарып, әдетте соңынан дау-дамайды шұбыртып туғызатын мұндай мәселені де көптің көңілінен шығарлық тай етіп шеше білген де бірінші орынбасар еді.

Әсіресе, Өмірзақ Шөкеевтің тұсындағы бір оқиға көпке ғибрат боларлықтай. Бұл оқиға сол кездегі Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы департаментінің бастығы болып қызмет істеген Қалыбек Алдабергенов мырзаның сөзіне қарағанда былай өрбіген сыңайлы. Өмекеңе Астанада өтетін ауыл шаруашылығына байланысты мәртебелі жиынға қатысып, баяндама жасау қажет болады. Оның үстіне уақыт та өте тығыз. Ал, Ислам Әбішев тікелей аталған салаға да жауап беретін лауазымда отыр. Әкім оған осы тапсырмаға байланысты тамшылап суару жүйесі жайлы, теріскей облыстарда күнгейден баратын жеміс-жидекке арнап үлкен қоймалар салу жайлы, тағы басқа да бір жыл ғана емес, алдағы біраз жылдың қамын көздеген баяндаманың сүйегін жасап беруді өтінеді. Айтар ойы миына сыймай жүрген Исекең хатшы қызға «отыр компьютеріне» дейді де, қырық төрт минут өткенде барып бір-ақ тоқтайды. Әкімге анау айтқандай алып-қосар ештеңе қалмайды. Шөкеевтің баяндамасы Елбасының өзіне де ұнапты. **Жиыннан шыққан облыс жетекшісі көптің көзінше: – Исеке, еңбек – сіздікі, абырой – менікі болды. Рахмет! – деп қолын қысады.**

«Аз игі іске көп алғыс айт!» деген екен Алтын Орда ойшылы Әс-Сараи атты данышпан бабамыз, әлемдегі ең дарынды, ең алғыр қазақ деген теңдесі жоқ халықтың аяғына тұсау, қолына бұғау болып адымын ашып жүргізбей, құлашын жазып жүзгізбей келе жатқан көп «шылықтың» біреуі – көреалмаушылыққа бой алдырмай, жас ұрпаққа үлгі-өнеге көрсетіп, өзіндей ердің бағасына жете білген ерені айтсаңызшы!..

Су комитетін басқаруға барған Ислам Әбішевтің Оңтүстік Қазақстан облысында үнемі өткір болып келген ауыз судың ауыр мәселесін аз қаржымен үлкен іс атқарып, бүкіл елге үлгі боларлықтай етіп қалай шешкені туралы бұрын да жазған болатынбыз. Сол ел атынан Исекеңе тапсырма берілсе, ағын сумен қоса ауыз су мәселесі де түпкілікті бір арнаға түсіп-ақ қалар деп ойлаймыз...

Ендігі азын-аулақ сөзді атақоныс Алтайдан айтсақ. Бердібек Сапарбаевты Елбасы бекерден-бекер Шығысқа жіберген жоқ. Қынабынан суырар қылышы, қылшанынан суырар сұржебесі Бекең болғаннан кейін жіберді. Ал, Бекеңнің өзінің де топқа ататын сақпаны, саяққа құрар қақпаны бар, оның аты-жөні – Ислам Әбішев. Екі ноян Өскеменге келгенде бұл жақтың елі қалай қарсы алғаны жұрттың жадында. Бірақ, «жүйрікте де жүйрік бар, қазанаты бір бөлек, жігітте де жігіт бар, азаматы бір бөлек», бұрынғы, кеңес заманы тұрғай ақ патша дәуіріне дейінгі, **бұзылмаған таза қазақтың, «жақсысы мен жаманы бірдей» нағыз қазақтың қарымқадарын, қасиет-қабілетін бойына барынша мол сақтап, бүгінге күнге жеткізе білген, сол себепті де әрқашан жақсыдан бірінші орын, жаманнан «тем более» бірінші орынды еншілеп алғандай ешкімге бермейтін, екінші орынды түп-түгел трагедия деп ұғатын, өзге өңірдің елін «не шықса да Шымкенттен шығады» деген мәтел туғызуға мәжбүр еткен, жүрген жерін жерін шулатып жүретін «шымкенттіктер» деген атқа** ие екі атан жілік атпал азаматтың жел сөзге мойын бұруға ниеті де, мұршасы да болған жоқ, тізе қосып таңды таңға ұрып елге қызмет етумен ғана болды. «Алла-Тағала сүйген ұлын қинап сынайды» дегендей, Бекең мен Исекеңе табиғат-анамыз бар тосын сыйын аямай жинаған сияқты, онысы тіпті әлі күнге таусылар емес. Ең ақыры, Сібірде болмаған аяз қазақтың Алтайын аялап-ақ тұр. Темірге дейін суыққа шыдамай сынып жатыр, ал, Бердібек пен Ислам бастаған батырлар сынар емес. Тіпті, соның өзінен дәтке қуат тапқан Исекең қоштасарда «...я полюбил этот город с его морозами, с его отключениями» деп әзілдеп, жиналған жұртты ду күлдірді.

Қоштасу демекші, оның өзі жеке мақаланың, тіпті кіші-гірім повестің жүгін арқаларлық оқиғаға айналды. Өздеріңіз қараңыздар, И.Әбішев Өскемен тарихында, В.Сухорукованы қоспағанда, ең ұзақ отырған тұңғыш әкім. Және сол «ең ұзақ» екі жыл он ай ғана еңбегі үшін «қаланың құрметті азаматы» атағын иеленген тұңғыш азамат. Қазақстан-Америка университетінің «Құрметі профессоры» атағын иеленген тұңғыш адам. Н.Назарбаевты қоспағанда, бірақ, ол кісі жай адам емес қой... Ең бастысы, Исекең **«мен осы орнымда «қаланы гүл жайнаған бақша-қалаға айналдыра алмаймыз» дейтін адам қалмағанша отырамын» д**еген, және сол уәдесінде тұрып, қалың жұрттың санасын оятып, ниетін бұра алған, сол қызметі үшін шығарып салуға келген әкімшіліктің конференц-залы лық тола жұрт – және оған тек әкім-қаралар мен қалалық депутаттар ғана қатысқан жоқ – орнынан тік тұрып, «отырыңыздар!» десе де отырмай қол соғып, жібермей, қошеметтеп шығарып салған, кетіп бара жатқан әкім көзіне жас алған тұңғыш басшы (автор өзі мұндай көріністі бұған дейін кәзіргі сенатор Қ.Айтаханов Сайрам ауданымен қоштасқан кезде ғана көргені бар-тұғын). 1956-1963 жылдары Гурьев облысын (ол кезде бүгінгі

ІЗДЕП, ҚОЛДАЙДЫ!

Атырау және Маңғыстау бірігіп, осылай аталатын) басқарған зейнеткер Нұртас Оңдасынов біраз жылдан кейін жолы түсіп сол жаққа соққанда, бүкіл облыс активі он бес-жиырма минут бойы Нұрекеңнің «рахмет, қойыңыздар» дегеніне көнбей, оған дейін Сталинге ғана көрсетілген құрметті шынайы түрде, шын жүректен облыстың бұрынғы басшысына көрсетіп, орындарына отырмай қол соғып тұрып алғанда еменнің шорындай мықты адам көзіне жас алып, кейін дастархан басында «халқым мені алтын бесікке салып тербеді ғой» деп тебіренген екен. Кім біледі, өмір өзгермей тұрмайды, ердің жасы емен шоқпар елу беске енді жақындаған, кемеліне келіп, кемеріне толып тұрған Ислам Әбішевтей азаматқа бұдан да жауапты қызмет жайында сенім білдіріліп жатса, ел аузында айтылып жүрер талай игі іс атқарып үлгерері анық. Сөзіміздің кепілі – Өскеменде өткен екі жыл он ай. Орыс халқында «встречают по одежде, провожают по уму» деген әдемі мақал бар. **Өскемен қаласының VK.KZ сайтында «усть-каменогорцы встречали Абишева со штыками, а провожали со слезами на глазах» деп жазылыпты. Аэропортқа ескі әкімді шығарып салуға кетіп бара жатқан екі-үш автокөліктің қатары көбейе келе жүзден асып, үш жүзге тарта қала халқының өкілі ғимарат ішіне сыймайтын болған соң әкіммен қоштасу салтанаты ашық аспан астында жалғасты.** Ақын оралман қыз Гүлнар әкімге арнап жыр жолдарын оқыды. Осынша жерге ерінбей келген қалың қала жұртшылығының ішінде Меновное поселкасының Советская көшесітұрғындары атынан бір қәрзеңке варенье арқалап жеткен Надежда Шмыгалева «бұны Сіз біздің жүрегіміздің жылуы деп қабылдаңыз» деді. Қарапайым халықтан мұндай ақ тілек естіген азаматқа лирикалық эпос тілімен «Исеке, сенде арман жоқ, Исеке, сенде арман жоқ!» деп әңгімемізді бітірсек те болар еді.Бірақ, мәселе бұдан әлдеқайда тереңде жатыр. Тек біздің елімізде ғана емес, қәзір бүкіл әлемде билеуші тап пен қалың жұртшылық арасында тілтабыспаушылық, түсініспеушілік орын алып отыр. Экономикалық, қаржылық дағдарысы емес, түсініспеушілік дағдарысы буып тұр дүниежүзін. Нағыз себеп – осы, қалғандары салдар ғана. Ең жоғары жылдық табыс пен ең төменгі жылдық табыс арасындағы айырмашылық жүз есе денасуғатыйымсалынған Норвегия, қаржылық дағдарысты Халықаралық валюта қорының көмегінсіз 1998 жылы шешкен Малайзия мен күні кеше шешкен Исландия болмаса, дамыған елдердің бәрін осы дағдарыс тығырыққа тіреп тұр. Оның түпкі мәнісін ұғына білген ең бай-қуатты елдің Барак Обама, Францияның Николя Саркози секілді серкелері алпауыттарға салықты еселеп көбейту, аспанда жүрген оларды аздап болса да жерге жақындату шараларын қолға алып жатыр. Олигархтарымызға тиіспей тығырықтан шығамыз деген Греция үкіметіне қарсы халық наразылығы көтерілістің аз-ақ алдында тұр. Осы тұрғыдан келгенде бір қаланың әкімін сол қала жұрты құрметпен, қошеметпен шығарып салуы жергілікті оқиға шеңберіне сыймайтын құбылыс. Ислам Әбішев аэропорттағы қоштасу сөзінде «мен қалада әкімдер мен халық арасындағы байланыс жаңа деңгейге көтерілді деп ойлаймын, ол енді бұдан былай осы деңгейден төмен түспейтін болады, соған сенемін» деді. Бұл – ақиқат. Бірақ, сол жаңа, биік деңгей қалай пайда болды, мәселе осында.

Ислам Әбішев қалада шешілмеген мәселе қалдырмады ма? Жоқ, әрине. Мінезі де жібектен жұмсақ, жүннен жылы болды ма? Олай деуге де келмес. Керісінше, кемшілігі тіпті басындағы шашынан да көп болуы мүмкін. Ендеше әкімді сыйға бөлеген қандай қасиеті? **Ол қасиеттің аты – жеке адамның, оның үстіне басшы адамның көптің ісіне деген көзқарасы, қарым-қатынасы. Ал, ол қатынас барынша шынайы болды. Шын жүректен шықты. Қолынан келе ме, келеді, істеймін деді. Сөзінде тұра білді. Келмей ме, онда да шындықты айтты.** Бос уәде берген жоқ. Әйтпесе, ешкім жекелеген әкімнің жағдайын жасаған жоқ, талап та, тәртіп те, барлығы бірдей, көпке ортақ. Қала бюджеті де өзөзінен көбеймейді, ешкім сізге миллиондарды «өзің жақсы, көзің жақсы» деп ұстата салмайды, негіздемесіз, тиянақты жоспар-бағдарламасыз қаржы ала алмайсыз, ал, алған ақшаны ұсынақты етіп жұмсай білу, сол арқылы келесі жылы одан екі есе көп қаржыны орнымен жаратаалатыныңызды дәлелдей білу – бұл өнер біткеннің ең қиыны. «Қаржы болса қарық қылар едік» деп екінің бірі айтады, қаржы қолына тигенде ебін тауып істейтін жан некен-саяқ. Әйтеке би «жігіттің жақсысы кім, бір-ақ ауыз сөзбен сипаттаңызшы» дегенде **«жігіттің жақсысы – өзгенің сөзіне тоқтай білген, өзінің сөзіне өзгені тоқтата білген жігіт»** депті. Ислам Әбішевтің бұл ұлағатты сөзді білетін-білмейтіні бізге беймәлім, бірақ оның осы ұстанымды ұстанғаны анық. Ал, сіз көптікі дұрыс екенін көрдіңіз де тоқтадыңыз дейік, бірақ, өзіңіз ғана көріп тұрған, көпшілік көрмей тұрған кезде оны соңыңызға қалай ертесіз, қай уақытта халық өзі ереді, қай уақытта тоқтайды ол сіздің сөзіңізге? Бір-ақ жағдайда – ешуақытта алдамаған болсаңыз. Адам – шыны, кімдікі – шынайы, кімдікі – жасанды, көптің көреген көзінен ешнәрсе таса қалмайды. Осы тұрғыдан келгенде әкім Әбішевтің сөзі мен ісі әріптес әкімқараларға үлгі болуға, ал, «қызыл Шығыс» атанған, қазағынан орысы он есе көп, аз қазағының өзінің көбі болмаса да біразы орыстанып үлгерген қала халқының «шымкентский» деп шытынап қарсы алған адамымен шын жүректен қимай қоштасуы, демек ер үстінен түспеген ерді танып, бағалай білуі еліміздегі қалған қала, аймақ, өңірлердің тұрғындарына өнеге болуға әбден тұрарлықтай.

3 сәуір, 2012

Өмірзақ АҚЖІГІТ

P.S. **Осы арада бұған дейін Ислам Әбішев екеумізге ғана белгілі бір жайды айту керек сияқты. Исекең ОҚО әкімінің 1-орынбасары кезінде бір күні маған «келіп кете аласыз ба?» деді. Бардым. «Время» газетінде оның сау-тамтығын қалдырмаған мақала шыққан екен, соны көрсетті. Оқып шықтым. «Иә?» «Теріске шығаратын мақала жазып бере аласыз ба?» «Мен жазып бере аламын, бірақ, сіз оны «Времяға» бастыра алмайсыз!» «Көрейік...». Жазып бердім. Біраз күн өткенде тағы қоңырау шалды. «Осы кәзір кабинеттен шыққан қыз – «Времяның» біздің облыстағы тілшісі. Газеттің редакторы сіздің мақалаңызды соның өзіне жіберіпті. «Жоққа шығара алсаң, екі мақаланы нөмірге қатар береміз. Шығара алмасаң – арызыңды жаз». Ол маған келіп жылап отыр. Екеуміз комсомолда бірге жұмыс істегенбіз. «Сені «ұруға» тапсырма алдым, болған соң көріп шығасың ба?» деп алдымнан өткенінде, «е, жаза берші» деген едім». «Ал, енді?...» «Енді... Жеп отырған нанынан айырамын ба?..»**
Адамның қандай адам екені үлкен сынақтан емес – оған біз емтихан тапсырғандай дайындалып үлгереміз – осындай кішкентай нәрседен көрінеді... Ал, қанша адам «Ислам Әбішев жауап бермеді, демек, жемқор екендігі шын болғаны ғой» деген ойда қалды...

ЕРДІҢ ҚҰНЫ – ТРИЛЛИОН

«Ер жақсысы – түрмеде,
Ат жақсысы – кермеде.»
Халық мақалы

Тұрмайтындар сенің басқан ізіне,
Аңдып жүрді әрбір басқан ізіңді...
Ұрлайтындар қарамай бет-жүзіне,
Бәйге тікті басыңа олар құзырлы...

Жемқорларға жегізбеп ең байлықтан,
«Жемқор» етіп көрсетуде өзіңді...
Халық қамын ойлауыннан қаймыққан,
Қамауда олар сынап сендік төзімді...

Триллионды үнемдеген түрмеде –
Құдалаған құлқынқұлдар мінбеде...
«Ер жақсысы – түрмеде» дер күнге де...
Жеттік қалай?
Тоқтамайды бұл неге?!.

Халық үшін күрескен сан алыптың,
Халық жауы атанғаны белгілі!
Қазынасын қорғап едің халықтың –
Триллионға бағаланды Ер құны!

Сен жатырсың көшесінде Алаштың ,
Құғын көрді кеше Алаштық ерлерім...
Түрмеде де жоқ-жітікке қарастың –
Қарап жатар қапаста да сен бе едің?!.

«Ат жақсысы – кермеде» боп тұр бүгін –
Құрту керек тұрқы бөлек асылды...
Заңдастырып бермеп едің ұрлығын...
Заңсыздықпен сені торға жасырды...

Белден басқан Заңың менен Арыңды,
Билік айтса, биің билер
көп-көрім...
Пайғамбар жас – парасатты шағыңды
Темір торда қарсы аламын деп пе едің?

Шын жағдайды ел басшысы білер ме-ей,
Өткізесің ойға батып күнді ұзын...
Жолдан келіп, үйге асығып кірердей,
Есік жаққа елендейді ұл-қызың!

Сүйген жардың сенімі ғой кепіл мол,
Махамбеттің жырында да дарасың!
Декабристердің әйелдері секілді ол,
Жол қылуда үй мен түрме арасын...

Төбеттер көп –
Төніп тұрған қауіп бар,
«Аққа күйе жұқпас» – Алла қорғайды!
Жоғалса да, тары аңдыған тауықтар,
Қаранарын халық іздеп, қолдайды!

Домбыра алса, ән мен күйге бөлеген,
Әкімдердің ішіндегі ақынсың!
Кең даландай кемел едің, кенен ең,
Темір торға қалай сыйып жатырсың?

Азапта да Алған беттен қайтатын,
Ойын жоқ қой!
Бұл күнде оны білмес кім?
Қаламгерлер жоқ сырынды айтатын,
Қасыңдағы қанішермен тілдестің...

Көтересің қиындықтың қандайын,
Аллам өзі Ерді сынап, баптайды!
Жарқырайды ертең-ақ кең маңдайың,
Алмас қылыш қын түбінде жатпайды!

Нарда жатыр –
Наркы биік Нар тұлға!
Өршіп аққан өзенсің ғой –
Өр едің!..
Ел қаржысын қорғаған Ер,
артыңда,
Халқың бар ғой –
Қорғап қалар,
Сенемін!

Қазыбек ИСА

ИСЛАМ ӘБІШЕВ ЖИНАҒЫМЫЗДЫ ШЫҒАРМАҒАНДА ЖЫРЛАРЫМЫЗ ШАҢ БАСЫП ҚАЛА БЕРЕР МЕ ЕДІ?

Жаны жайсаң, көңілі ашық, халқымыздың ұлағатты ұлы ретінде ел мәртебесін асқақтатып жүрген, сабырлы мінез, сырбаз қалпынан, қарапайымдылығынан айнымайтын, адамгершілігі мол, жүрген ортасына сыйлы, мейірімді де қайырымды, бар күш-жігерін игі істерге бағыттай білген атпал азаматтың бірі де бірегейі – Әбішев Ислам Әлмаханұлы дер едім.

Жалпы, Ислам ағаның шағалалы өлке – Шардарадағы еңбек жолы туралы, ондағы комсомол жастардың жалынды да жігерлі басшысы болғандығы жайлы кезінде баспасөз беттерінде кеңінен жазылды. Шардара сол кезде шын мәнінде жастар Отаны еді. Ал, сол жастардың саяси жетекшісі – аудандық комсомол комитеті болды. Өзі де 25-ке енді ғана толған И.Әбішев бұл жұмысты өзінің бастамашылдығымен, талапшылдығымен жоғары деңгейде атқарып шыққандығын сол кездегі әріптестері әлі күнге дейін тамсана айтып отырады. Жастардың қай уақытта да қоғамның қозғаушы күші екендігін терең түсінген И.Әлмаханұлы осы күнге дейін мүмкіндік болса жастарға қол ұшын созудан жалыққан емес.

2013 жылы Ислам Әбішевтің тікелей қолдауымен «Дала дарыны» атты жоба аясында Оңтүстік Қазақстан облысы жас ақындарының өлең-жырлары топтастырылған «Оңтүстік орамдары» атты жыр жинағы жарық көрді. Аталған жыр кітабы 1000 данамен басылып шықты. Алматы қаласында кітаптың тұсаукесер рәсімі өтіп, оған И.Әбішевтің өзі қатысты. Мыңға жуық жастар қатысқан осы жиын барысында И.Әлмаханұлы аталған жыр кітабын ұйымдастырудағы мақсатын айтып, поэзия әлеміне алғаш қадам басқан жастарға сәттілік тілеп еді.

Айтайын дегеніміз – И.Әбішевтің осынау бастамасы аталған жыр жинағына енген жас ақындардың бойына ерекше талпыныс бітірді. Олардың сол мезетте кітаптарын қолдарына ала тұрып қуанғандарын көрсеңіз. Қуанбағанда қайтсін... Жүрегінді жарып шыққан өлеңсөзіңді, көңіл түкпірінен орын алған ойларыңды, мөлдір сезіміннің қағазға түскен нұсқасын қай басылымда жарияларыңды білмей басың қатып жүргенде Ислам ағадай абзал жандар қамқорлық танытып, жырларыңды жинақ етіп шығарып берсе қалай қуанбайсың?!

«Оңтүстік орамдарына» менімен бірге Дәурен Айманбетов, Абай Қалшабек, Гаухар Жүсіпәлиева, Ербек Бақиев, Әлішер Әлімжан, Қанат Сапарбаев есімді 6 ақынның өлең-жырлары енген. Осы ақындардың бірқатары уақыт өте келе жеке жинақтарын шығарды. Жеке кітап шығармағандары осыдан соң өздерін онан сайын ширата түсіп, облыстық, республикалық басылым беттерінен орын алып жүр. Барлығы да өленсүйер қауымға етене таныс болып қалды.

Шынын айтқанда, егер И.Әбішев осы жыр жинағын құрастыруға ұйытқы болып, қамқор қолын созбағанда, көңіл сазымыз осы күнге дейін көміліп жата берер ме еді, қайтер еді? Мың да бір рақмет Сізге, Ислам Әлмаханұлы!

Қандай сәтте болмасын қолдаушыңыз да, қорғаушыңыз да бір Алла болғай!

Сәбит ЛАХАНОВ
Түркістан облысы,
Шардара ауданы

ПРАВИТЕЛЬСТВУ НАДО ПРОРАБОТАТЬ КОМПЛЕКСНЫЙ ПОДХОД

Выступление А.Перуашева в ходе обсуждения отчетов Правительства и Счетного комитета об исполнении республиканского бюджета за 2018 год

Я готов подписаться под каждым критическим замечанием наших коллег, прозвучавшим 5 июня, и тем удивительнее было слушать объяснения членов Правительства по высказанным претензиям.

Да, если смотреть по конкретным параметрам бюджета, получается, что многие из них реально выполнены. Но почему-то это не сказывается на общей картине социально-экономического развития республики. По отдельности индикаторы вроде исполняются, но того изменения уклада и характера экономики, о котором нам все время говорят, так и не происходит.

Я напомню, что Стратегический план развития до 2025 года в рамках Третьей модернизации предусматривает создание новой модели экономического роста, основанной на технологическом обновлении, реализации системообразующих проектов, способных производить товары высокотехнологичных переделов, и вывод новых казахстанских товаров на внешние рынки.

С такой глобальной задачей параметры бюджета, даже будучи испрошенными, не очень вяжутся.

Например, в структуре экспорта у нас произошло увеличение доли минеральных ресурсов с 68 процентов до 74 процентов – и где тут «товары высокотехнологичных переделов»?

В рамках торговли со странами Евразийского экономического союза происходит рост отрицательного сальдо за счет экспансии товаров из России и Белоруссии. О каком «выводе казахстанский товаров на новые рынки» тогда говорить, если даже внутренний рынок проигрываем?

Более того, Правительство закладывает и дальнейшее увеличение импорта товаров в республику, причем сумма исчисляется уже не миллиардами, а десятками миллиардов долларов.

Да кому производить эти самые высокотехнологичные товары, если по данным Счетного комитета, в рамках реализации второго направления «Дорожной карты бизнеса-2020» при запланированных 7 тысячах 592 проектов просубсидировано лишь 9 процентов от запланированных предприятий. Гарантии вместо 3 тысяч 200 только 17 процентам предприятий, а гранты вообще даже не предоставлялись.

Если говорить про задачи развития технологичной экономики, вызывает большое сомнение также уровень инновационности и технологичности даже запущенных проектов. В рамках ГПИИР получается, что рост производительности не выполнен более чем на 11 процентов. А ведь отдача от новых технологий и инноваций должна, прежде всего, прослеживаться именно по этому параметру.

Не буду повторять все остальное, готов подписаться под всеми замечаниями наших коллег, в то же время отмечаю, что по большинству параметров Правительство в заданные индикаторы уложилось.

Считаю, что Правительству надо проработать комплексный подход, с более корректным определением приоритетов экономической политики как единого целого, определяющего возможности бюджета. Тогда мы сможем говорить не только об отдельных индикаторах, а о развитии национальной экономики, как взаимосвязанного процесса, от которого зависит социальное самочувствие общества.

ОСУЖДЕННЫХ ЗА КОРРУПЦИЮ ЧИНОВНИКОВ – НЕ ВЫПУСКАТЬ УСЛОВНО-ДОСРОЧНО!

Партия «Ак жол» направила Генпрокурору ряд предложений по пресечению вывода коррупционных средств в оффшоры – соответствующий депутатский запрос озвучил 22 мая Азат Перуашев.

ПРЕМЬЕР-МИНИСТРУ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
МАМИНУ А.У.

ГЕНЕРАЛЬНОМУ ПРОКУРОРУ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
НУРДАУЛЕТОВУ Г.Д.

Уважаемый Аскар Узакпаевич!
Уважаемый Гизат Дауренбекович!

Коррупция является главной проблемой современного Казахстана.

Именно она подрывает экономику, демотивирует бизнес, служит причиной нарастающего разрыва между богатыми и бедными, ведёт к социальной напряженности в обществе.

Практически в каждом товаре и каждой услуге сегодня заложена так называемая «коррупционная рента» – доля «откатов» и взяток, что ведёт к необоснованному росту цен, за который расплачивается население.

О масштабах коррупции наглядно говорит тот факт, что по данным международных экспертов «Global Financial Integrity» из Казахстана в оффшоры незаконно выведены более 167 млрд. долларов США.

Иначе говоря, коррупционеры украли из страны денег в два раза больше, чем за все годы независимости Казахстан накопил в Национальном фонде от продажи нефти.

Вот почему, несмотря на показатели ВВП, близкие к Восточной Европе, жизнь рядовых казахстанцев «европейской» никак не назовёшь, потому что львиная доля ВВП расхищается и не влияет на уровень жизни внутри страны.

Фракция «Ак жол» начиная с 2012 года постоянно поднимает проблему борьбы с этим грабежом нации. Мы регулярно требуем от уполномоченных органов наладить работу по возвращению в Казахстан украденных миллиардов. Однако лучшим из публичных результатов пока является недавнее возвращение 180 млн. тенге, т.е. около полумиллиона долларов.

Нужно приветствовать и этот результат, но его размеры несопоставимы с потерями. Причём, этот процесс продолжается ударными темпами, если учесть, что семь лет назад те же эксперты сообщали «лишь» о 138 млрд. выведенных долларов.

Поэтому не менее важной задачей становится не только возврат ранее украденных средств, но и пресечение продолжающегося вывода за рубеж незаконных капиталов.

В этом плане весьма характерно формирование определённого поведения лиц, склонных к таким преступлениям даже при высоком риске разоблачения. Их циничная логика в том, чтобы успеть спрятать за рубежом похищенные средства. И даже будучи осуждёнными, они рассчитывают выйти через год-полтора на УДО и спокойно уехать к своим капиталам, которые никогда не смогли бы заработать честным трудом.

Эту мотивацию первыми раскрыли на Западе, в связи с чем, например, в ряде штатов США к лицам, осужденным за коррупцию, наряду со сроками заключения в 10-15 лет, запрещается применять досрочное освобождение.

Аналогичная норма недавно введена в Белоруссии, которая гласит, что, цитирую – «не подлежат представлению к условно-досрочному освобождению или замене более мягким наказанием лица, осужденные за совершение коррупционных преступлений». Такой же законопроект внесён в Государственную Думу РФ.

И только в Казахстане, несмотря на гигантские суммы хищений и вымогательств (а может быть благодаря им), лица, вроде бы громко осужденные на длительные сроки, без лишнего шума освобождаются при первой возможности, о чём казахстанцы постфактум с удивлением узнают из СМИ.

Не приходится сомневаться, что многие из них благополучно убывают к припасённым «заначкам», которых с лихвой хватит на шикарную жизнь в более комфортных странах.

В этой связи фракция «Ак жол» считает необходимым прекратить прикрывать коррупционеров ссылками на «гуманизацию». Гуманность нужно проявлять именно к собственному народу и обобранным предпринимателям, а не тем, кто их грабит.

Мы предлагаем:

1) Ввести в уголовное законодательство нормы, препятствующие условно-досрочному освобождению лиц, осужденных за коррупцию.

2) Запретить осужденным коррупционерам, даже по отбытии заключения, покидать страну вплоть до полного возмещения похищенных средств.

Если рядовые граждане порой не могут выехать на отдых из-за задолженности по налогу за автомобиль, то такая мера тем более целесообразна в отношении лиц, официально признанных коррупционерами.

3) Несмотря на отрицательные ответы на предыдущие обращения, мы вновь предлагаем отменить принцип банковской тайны для зарубежных счетов высокопоставленных госслужащих (включая членов правительства), руководителей национальных компаний и аффилированных с ними лиц.

Если требование честно распоряжаться гигантскими народными средствами для кого-то из них покажется неприемлемым, думаем, что среди 18 млн. граждан Республики всегда найдутся более открытые и готовые к прозрачной работе люди.

Главной целью предлагаемых шагов является пресечение дальнейших потерь государства и бизнеса от хищений и вымогательств.

Считаем, что эта тема приобретает особую актуальность в связи с активизацией политической жизни и появлением непроверенных сообщений о бегстве капиталов сомнительного происхождения.

Особо отмечаем, что наши предложения не касаются добросовестного бизнеса и свободы движения легального капитала.

С уважением,
депутаты фракции
ДПК «Ак жол»

Пресс-служба «Ак жола»

Мағжан болмысы

көзкөргендер естелігімен

(Жалғасы. Басы өткен санда)

Білімге ұмтылған елшіл шәкірттерін әділдік пен адалдыққа, әсемдік пен сұлулыққа баулыған Мағжан ұлағаты Әлкей Марғұлан естелігінде дәйектеле түседі. Ғұламаның «Менің өз білуімде, қазақтан сол кезде екі әдемі кісі болатын. Мынау сұлулықты, ләззәттылықты, сосын дүниедегі жақсы нәрсені жақсы көретін екі кісі болып еді. Біреуі – Мұхтар, екіншісі – ақын Мағжан болатын. Осы екеуінің түріне қарағанымызда, құлпырып тұрған қыран құстай оларға еш пенде жетпейді деп ойлайтынбыз» **(«Ақ Орда». 1993.№2)** деген тебіренісі тұлғатанудағы жаңашыл ізденістерге бағыт береді.

«Мағжан – культурасы зор ақын» (М.Әуезов) десек, Қызылжардағы қазақ педтехникумы жанынын ашылған екі жылдық мұғалімдер дайындайтын курста сөз зергерінен қазақ әдебиеті пәнінен сабақ оқыған Зылиха Серкебаеваның естелігі ұлт мақтанышының қайталанбас болмысын байыптаудағы соны ойларымен тұшымды.

«Мағжан сыныпқа кіріп келгенде алдымызда жарқырап мәдениеттіліктің шолпаны тұрғандай әсер пайда болатын бізде. Ол бізді өте жоғары бағалай білетін, біз де оған құмартып тұратын едік. Оның табиғи сұлулығы, киген киімі, сабақ беру әдісі, терең ой-пікірі, жан-жақты білімділігі бізді еліктіріп, өзіне баурап ала беретін» **(Серкебаева З. Естелік // Қаһарманұлы Ғ. Жәжеке. Естеліктер мен деректер. – Алматы: Қазығұрт, 2005. 100-бет).**

Мағжанның көзін көріп, ізін басқан, тәлімін алған қаламгерлердің де тағдыры қилы. Олардың әміршіл-әкімшіл озбыр билік қысымын, құдалауын басынан өткермегендері жоқ десе болады. Жайық Бектұров РСФСР Қылмыстық істер кодексінің 58-ші бабымен 10 жылға бас бостандығынан айрылып, 1942 жылдың мамырында Солтүстік Оралға жер аударылды.

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары тұтқынға түсіп, Түркістан легионында шығып тұрған «Милли Түркістан» , «Милли әдебиет» басылымдарында Алаш қаламгерлерінің шығармаларын насихаттаған Хамза Абдуллин кейіннен 1947 жылғы 18 сәуірдегі Түркістан әскери округі әскери трибуналы РСФСР қылмыстық кодексі 58-І «б», 58-10, 2. бөлім баптарымен 10 жылға сотталды.

«Таңба» /бастапқы аты «Төгілген ар» (1956)/ романы, «Суық карцер», «Ыстық карцер» өлеңдерімен Сталинизм қылмысын әшкерлеген Жайық Бектұров естелігі сөз зергерімен кездесуі, ақын жары Зылихамен араға ұзақ уақыт салып қайта жүздесуі «ақылға, жан жүрекке кісен салған» (Мағжан) зобалаң жылдар қасіретіне бойлатады. Сан жылдар бойы шемен болып қатқан шерін тарқатқан жазушының үрей билеген заманның психологиялық көңіл ауанын жеткізудегі шынайылығын тас жүректің өзін еріткендей.

«Апай мен сізді 1937 жылы Алматыда Махаңнын қасынан көрдім ғой. Ағамызды ең алғаш және ең ақырғы көргенім сол. Есіңізге түсірейін бе?» деп өткен шақтың бір елесін Зылиқаның көз алдына келтірдім. Апай: «Иә, иә» деп шұлғып та, кемсеңдеп те көп қамықты. Ол кісінің есіне түсіргенім, көзіне елестеткенім мынадай бәр жәйт: 1937 жылдың сентябрі… Көңілсіз, үрейлі кез. Біздің артымыздағы ең шеткі столға бір ер, бір әйел адам келіп отырды. Сәлден соң Жұмағали стол астынан ақырын ғана менің аяғымды басып: «мына кісі Мағжан ағамыз» деді. Еріксіз қозғалып қалдым. Ол кездегі бұйықтаулығымыз ба, әлде белгілі адамдардан тартқыншақтап тұратын әдеп-әдеттен бе, не ойға келмегендіктен бе, әйтеуір екеуміз де орнымыздан тұрып, Мақаңа дұрыстап сәлем бере алмадық…». Осынау өзекжарды толғам қайырымсыз кезеңшындығына иландыруымен, тұманды жылдарда ақиқат жолынан адасуға бет алған қиянатшыл қоғамның келбетін дөп баса танытуымен маңызды.

Қоғамдық арылу мен әлеуметтік тазаруды өзінен бастаған Жайық ақсақалдың «Артыма екінші рет бұрылып қарауды ұят көрдім. Ақынның бетіне әжім түсіпті. Үстінде сырт киетін келте қалың пешпент, қасындағы әйелі қазаққа онша ұқсамайды… Иә, біз Жұмағали екеуміз де ішіміздан елтіп, ормандағы құс даусына құлақ тіккендей болып отырмыз. Тек үлкен атақты ағаның, ертеден ел ардақтаған, бірақ кейін тағдыры ойыншыққа айналған әйгілі ақынның қасына барып, қатарында отыруға, алдында отырып, сөзін тікелей тыңдауға, көңілін аулауға, аздап болса да сый сияпат білуге жарамадық… Құдай өзі көктен түсіргендей сәтті кезеңнің ұшпағынан ұстай алмай қалғанымa кейін қатты өкіндім. Ардақты ақынмен ауызекі сөйлеспесем де, кейін өзім тас қамалға қамалғанда осы кісілер азап шеккен Алматының ішкі абақтысы деп аталатын тас қуыста өзім де тұншыққанда алдағы ағалардың бәрінің де асыл бейнелері көзге елестеді…» деп ақтарылған мұң наласынан ұлттық рухты, адамгершілік ұстанымдарды жаншудағы озбыр саясаттың зардабы мен салдарының қаншалықты қауіпті екенін бағамдаймыз.

Мағжанның аталас туысы Хамза Абдуллин (1917-2001) естелігінің құндылығы – Мағжан Жұмабайұлы болмысын, өмірінің беймәлім кезеңдерін танудағы деректілік сипатында.

«Біз ол кезде бала едік. Мағжан өлеңдерін көбіміз жаттап алатынбыз. Ал өз басым Мағжанды жақсырақ білдім. Менде оның өзі сыйлаған кітабы да болатын. Ол біздің семьямызбен араласып тұратын. «Сұлу әйел – бір хиял, сұлу әйел – идеал» деп өзі айтпақшы, Мағжан да біз үшін өте биіктен көрінетін. Оның тіпті сырт тұлғасына, бет-бейнесіне де қызыға қарайтынбыз. Ортадан биіктеу бойлы, үлкен аялы көзді Мағжан басын шалқақ ұстап, тіп-тік жүретін. Сырт көзге тәкаппар көрінгенмен, өте қарапайым, ішкі әлемі кең адам еді, сөйлей кетсең, іші-бауырыңа кіріп, өзіңді еріксіз баурап алатын. Оның мінезінде менмендік, байшылдық болмайтын… Міне, мен білетін Мағжан осындай адам еді» (**Абдуллин Х. Тар қапастағы асау көңіл // Жалын. 1989. №2.).**

Ақын шығармашылығы, асыл қасиеттері хақында ақ сөйлеп өткен қаламгердің «Ерекше жарытылған жан» естелігінде Мағжанның Қызылжардағы орыс мектебінде орыс тілі мен әдебиетінен сабақ беру, диктант жаздыру ерекшелігі, кітапханасы, эстетикалық талғамы жайынан да құнды деректер келтірілген.

«…Екінші, менің бір байқағаным: Мақаңның үйінде кітап деген жоқтың қасы. Шоқан Уәлихановтың 1904 жылы шыққан орысша кітабы, сонан соң Абайдың жұп-жұқа бір кітабы жатады, сол жылдары баспадан шыққан Ілияс Жансүгіровтың бір өлеңдер жинағы мен Иса Байзақовтың баяғы маған жіберген кітабы сияқты «Құралай сұлу» дастаны. Бұл кітаптардың өзін Қызылжардағы балдызы Сабыркейдің үйінен алыпты. Ал Мақаңның Сасыққөлдегі өз үйіндегі кітапханасы әлдеқашан талқандалған, талан-таражға салынған. Иә, сөйтіп, Мақаң маған жатқа өлең оқытады. Көбіне өзінің өлеңдерін, содан соң «Құралай сұлу» мен «Қойшының ертегісінен» жатқа айтқызады. Кейде Мақаңның ақындарға беретін бағасын тыңдаймын. «Осы Иса қандай ақын?» деп сұраймын. «Иса, – дейді Мақаң, – ол Алла тағаланың қазақ халқына сыйлыққа бере салған теңдесі жоқ бір бұлбұлы, Хамза. Өткен ғасырларда да қазақта не ғажап жыр дүлдүлдері болған, бірақ солардың бірі де Исаға тең келе қоюы екі талай. Иса сияқты ақын әр жүз жыл сайын емес, мың жыл сайын бір-ақ рет тууы мүмкін». Міне, Исаға асқан романтик Мағжанның берген бағасы осындай» (**Абдуллин Х. Ерекше жарытылған жан //** isa-baizakov.psu.kz**›).**

Зылиха Жұмабаева, Ғаділше Қаһарманұлы естелік жазбаларында ақын шаңырағының шайқалуы, елге тұтқа болған Жұмабай әулетінің ойрандалуы баяндалады.

Мағжанның зайыбы Зылиха сталиндік қуғын-сүргін жылдары сөз сүлейінің абақтыдан шығуына, әдеби мұрасының ақталуына қажыр-қайратын салды. 1967 жылы Х.Махмудов, Б.Кенжебаев, Х.Абдуллин, А.Жовтис, Ф.Моргун, О.Сүлейменовтермен бірге өлеңдерін И.Шухов редакторлығындағы «Простор» журналына жариялауға дайындады. 1989 жылғы шығармалар жинағын құрастыруға атсалысты.

«Азапты сапарлар» (Жазып алған А.Тасымбеков. Лениншіл жас. 1989. 10. 01.), «Дариға, сол күндерде күнім қараң…» (Қазақстан әйелдері.1989. №3. Жазып алған Р.Халықова) естеліктерінде сүйген жардың бақыт құшағындағы сүйініш пен күйінішке толы сағым жылдары, ГУЛАГ-тың қанды шеңгелінде зарыққан қосағын іздеп барған жанкешті сапары, ардақты есімі мен асыл мұрасы туған халқына қайта оралған шуақты күндердегі көңіл толқыны айшықталыпты

«…Үйленген соң біз көп кешікпей Ташкентке келдік. Оның себебі сонда қызмет істеп жүрген Тұрар Рысқұлов, Сұлтанбек Қожанов Мағжанды арнайы шақыртып алды. Ол сонда Қазақ-қырғыз оқу ағарту институтында оқытушы болды. Іскерлігімен, ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түскен Мағжанды С.Қожанов Москвадағы Жоғары әдеби-көркем институтына оқуға жібереді. Ол сонда әйгілі ақын Сергей Есенинмен танысады. Тынымсыз жан мұнда А.Луначарскиймен кездеседі. А.Луначарский оны университетіне қызметке орналастырады. Бұл кез оның өмірінің ең бір жарқын, қызықты сәттері еді. Москвадағы «Шығыс баспасының» директоры Нәзір Төреқұлов Мағжанды аудармашылық жұмысқа шақырады…».

Сталиндік қиянат пен заңсыздық жылдардағы отбасының қилы тағдыры талайы, аласапыран кезеңде арысын іздеп алыстағы қиянға барып қайтудағы жанұшырған жанкештілігі, боздағын қиянаттан аршып алудағы арпалысы, арысымен соңғы жүздесу сәттері қан аралас көз жасымен жазылған.

«…Мағжандай азамат менің маңдайыма қалай сыйсын. Онымен бірге өткізген жеті жыл жеті күндей болмады, бәрі де қазір көрген түстей. Менің өмірім бір-ақ күнде үсік шалған гүлге ұқсады да қалды. Ойда жоқта 1929 жылы оны Қызылжарда тұтқындады. Оған түрлі кінәлар тағылды. Алғашында Алматыда біраз ұстады да одан соң Бутырь түрмесіне жіберді. Арада біраз уақыт өткен соң оны 10 жылға соттап Карелияға жер аударды. Екеуміздің шуақты, балғын күндеріміз енді сергелдеңге айналды. Кеудемде жаным барда оны іздеуге бел байладым. Бір қадам болса да жақындай түсейін деп Ленинград қаласына барып пәтер жалдап, содан Петрозаводск арқылы Мағжанға тарттым. Түрме деген атының өзі суық қой. Айналасы тікенді темір тормен қоршалған. Қоршау ішінде жүрген адамдардың түр-түсі, киген киімі бір түрлі суық-ақ. Әйтеуір еңбегім ақталып түрменің күзетшілерінен өтіп, бастығына жетіп рұқсат алып аяулы жарыммен кездестім. «Қосағын іздеп зарлаған жалғыз қазақ әйелі келді. Қазақстандықтар, келіңдер!» – деген дауыс әлі күнге құлағымда. Шалғайда бас еркінен айрылып жүрген мұңлы жанды бір сәтте болсын қуантуға тырыстым. Сонда оның сәбише мәз болғаныай! Туған ауылы көшіп келгендей аз да болса еңсесін көтеріп, тағдырлас жолдастарын мен апарған дәмге шақырып, ел-жер жағдайын біліп қуанып қалды…

…Қара бұлт қайта төнгендей болып, көңіліміз құлазып, Қызылжарға тарттық. Амал не «сотталған» деген сөз Мағжанның соңынан қалмай қойды. Сөйтіп жүргенде Сәкен Сейфуллин ағаның Алматыға шақыртқан хабары келді. «Астана ғой, зиялы ағалар ортасында болайық» деп Мағжан өтінген соң тез жиналып жолға шықтық. Алматыда да қара бұлт төніп тұрған шақ екен. «Халық жауы» деген сөздер гулеп, екінің бірі қамалып жатыр. Бейімбет, Сәкен, Ілияс ағалардың ұсталғанын айтып, Мағжан күйзеліп жүрді. Басымызда баспана жоқ, пәтерде тұратынбыз. Ақыры басқаларға туған күн менің де басыма туды. 1937 жылғы декабрьде екі адам келіп тағы да алып кетті. Жеті жылдық сергелдең аз болғандай жылап-еңіреп жалғыз қала бердім. Есіктен шығып бара жатып: «Хош, Зылиха, қош!» деді. Сондағы отты жанары әлі күнгідей көз алдымда. Міне, сол күннен бастап «Халық жауының әйелі» атанып, не көрмедім. Есеңгіреп қалдым. Жас ұлғая берді, уақыт зымырап өте берді…».

Құғын-сүргіндегі Мағжан тағдырына бей-жай қарамай, азаттыққа шығуына қол ұшын созған М.Горький, Н.Пешковалардың адамгершілік асыл қасиеттері де боямасыз берілген.

«Қайтуға жиналғанда Мағжан Алексей Максимович Горькийге хат жазып беріп, міндетті түрде жолығуды тапсырды. Осы тілдей қағаз аяулымды азат етердей Москваға жеткенше асықтым. Алексей Максимовичті туып, жолығып бәрін айттым. Ол мені жауапты қызмет істейтін Н.Пешковаға жіберді. Көп кешікпей Мағжанның жазасының үш жылы қысқарып жеті жылға түсті деген хабар алдым…» (**Зылиха Жұмабаева: «Дариға, сол күндерде күнім қараң…». Әңгімені жазып алған Р.Халықова // «Қазақстан әйелдері». – 1989. – № 3).**

Әміршіл-әкімшіл жүйе Жұмабай әулетінің тоз-тозын шығарды. Немере інісі Ғаділше Қаһарманұлы (1924 ж.т.) өз естелігінде жазғанындай, « …1930 жылы конфескеге Бекен әулетімен ілігіп, оны Орта Азияға жер аударды. Қаһарманды – Семейге колонияға жіберді, «байдың құйыршығы» деп… 1930 жыл Жұмабай ұрпағына оқ жыландай атылып, ұрпақты ата қонысынан ажыратып, қаңғыртып жіберді. Ал, 1937 жылы Сталиндік репрессия одан да асып түсті, ұрпақтың түбіріне балта шапты – атты, құрбан қылды тірісін. Мағжаның туыстары «Халық жауының тұқымы», «Алашордашылдар» деп айыпталды.

Мен 13 жастағы бала едім ол кезде; мектепте оқып жүрген кез болатын. Көшеде келе жатсаң «әне, қасқырдың бөлтірігі», «Халық жауының інісі» деп қолының ұшымен көзге шұқығандай көрсетіп шенейтін. Оларды көрмегендей, естімегендей тез-тез басып жүгіріп кететін едім. Бұны жастар айтпайтын, үлкендерден шығатын сұрқиялық қылықтар еді…» (**Қаһарманұлы Ғ. Мағжан. Деректер. Естеліктер // Ұлттық поэзия падишасы: Ұлы ақын Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы / Құраст. Ф.Қ.Бектурбакова. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2001: «Ұлы тұлғалар» ғылыми-библиографиялық сериясы).**

Иә, Мағжан болмысын танудағы көзкөргендер естеліктерінің тағылымдық сипаты ұшан теңіз. Бастапқы отаршылдық кейінгі сталинизм қысымындағы халқын ұлтсыздандырудан сақтандырған қалам қайраткерінің жасампаздық ғұмыры ақ жүрек шәкірттері, ізбасар арлы ақын-жазушылар, мұраттас елшіл үзеңгілестері, мұрасын жоқтаған парасатты жандар, ақ адал жарының естеліктерімен сан ұрпақтың тарихи жадында қала бермек. Олар асыл сөздің алдаспаны Мағжанға деген ұлт сүйіспеншілігін еселеумен қатар жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға иек артқан шығармашылық еркіндікті, тұлға бостандығын аяусыз жаншып отырған әміршіл-әкімшіл жүйенің қанды қол қылмысынан сақтандырады. Дарынын даралап, асылын бағалауға ой салады.

Сағымбай ЖҰМАҒҰЛ,
Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті
қазақ әдебиеті кафедрасының
профессоры

Ақын мен

Ақын өмірінің екі үлкен кезеңі болады – оның туып, қалыптасуы мен кемелденуі. Осының екеуінде де ақын өмірі оның тіршілік құрған ортасымен, дәуірімен, уақытпен тығыз байланысты. Алдымен уақыт пен дәуір оның туып қалыптасуына әсер етсе, кемел шағына жеткен кезде ақын керісінше уақыт пен дәуірдің өзіне ықпал жасайды, өз творчествосымен қоғамның рухани өміріне әсер етеді. Қоғам мен адам сырын көркем бейнелей отырып, уақыттың қызметін ашады, бүгінгі шындық арқылы келер ұрпақпен тілдеседі. Халықтық ой-пікірдің, оның рухани тіршілігінің жетілуіне көмектеседі. Бұл тұста ақын сөзі үлкен саяси, идеологиялық күшке айналады. Қоғам мен ақынның біте-қайнасуы деген осы. Творчество адамының негізгі мақсат-мұратының өзі де осында. Нағыз таланттар осы жолда өз тағдырын өзі жасайды.

Серік ҚИРАБАЕВ,
академик, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

Әбділда Тәжібаевтың творчестволық жолына көз жібергенде, осы шындыққа көзің әбден жеткендей болады. Оның бүкіл өмірі еңбек пен тіршілік үшін күрестен, тынымсыз әрекеттен тұрады. Бір күн маза тауып, қарап жатқан күнін ешкім білмейді. Ақындық үні де саябырсып көрген емес. Әбділда өлеңдерінде ақын шындыққа көп өмір кешкен, оның ойлы-қырлы сырын таныған адамның даналық көзімен қарайды, «кешеден бүгінге жеткен» ұрпақтың сөзін айтады. Оның алғашқы туындылары мен кейінгі айтқандарын салыстырып қарасаңыз да, ақындық мінездің, ізденістің тұтастығын аңғарасыз.

Ең алдымен, Әбділда ақын маған бүкіл жаратылысымен өлең болып елестейді. Оны өлеңнен құйып қойған десе де болады. Бес томдық шығармалар жинағына жазған кіріспе сөзінде ол қазақ өлеңінің үні мен сыры көкейіне жастай құйылып өскенін айтады. Оны қоршаған дүниенің өзі «өлеңнің мөлдір заттары» болып елестеген. Ол қазақ тілінің өзінен болмыстағы көріністерді сырлы бояумен қайтадан жазып шыққан суретшіні таниды. «Менің өз болжамым мен сенімімше, өлең – тілдің соғып тұрған жүрегі, жүріп тұрған қаны секілді. Сондықтан да тіл мұздамайды, өлмейді. Үлкен әсемдік өмірдегі қимыл, ырғақ сияқты, тілде де мәңгі тоқталмайтын қимыл-ырғақ бар. Соларды алдымен сипаттайтын өлең. Барлық өмірде даму, жылылық бары сияқты, тілдің де баяу сезілетін дамуы, жылылығы бар. Оны дәлелдейтін де өлең», – дейді ол. Әбділданың бүкіл ақындық болмысы, өлең, өнер жайындағы ұғымы, түсінігі осы сөздерден анық көрінеді. Оның әрекет пен іске толы, тынымсыз тіршілік, үнемі соғып тұрған ыстық жүрегі, адамдық жылылығы мен жанының жарықтығы – барлығы да оған өлеңнен ауысқан тәрізді. Оның ойындағысын ашып айтатын шыншылдығы да өлеңге, өнерге тән мінез. Ол көлгірсуді ұнатпайды, бүкпесіз шындықты айтады. Ауыр да болса шыншыл болу – өмірдің өз қағидасы. Ақын Әбділда мен өмірдің өз суретінен алынған өлең шыншылдығы осылай тұсқанға ұқсайды.

Әбекең жақсы өлең көрсе, қызғанбай қабылдайтынын, осы жолдағы ақын інілерінің табысына қуанатынын ашық білдірген еді. Бұл – біздің күнделікті әдеби тіршілікте жиі байқап жүрген нәрсеміз, жарық көрген жақсы жырларға балаша қуанып, бар даусымен жар салып, кейде мақала түрінде, кейде ауызша айтып жүретін Әбділда даусы біздің құлағымызда. Ол талай жастың бетін ашты, әдебиет әлеміне қолтықтап, демеп кіргізді. Сондықтан Әбділда – шын ақындық таланты бар адамның досы, өлеңнің досы. Оның бірінші досым деп Абайды тануы да, бүкіл өз өмірінің шығармашылық сырын Абайдың:

Әділет пен ақылға,
Сынатып көрген, білгенін.
Білдірер алыс-жақынға,

Солардың сөйле дегенін, – деген өлең жолдарымен түйіндеуі де біздің ақын сырын түсінуімізге жол сілтейді.

Ол лирикада адам бейнесін, оның күрескерлігін көрсетуге ұмтылыстар жасады. «Адам», «Құрбанның қабыры» – осы жолдағы тәп-тәуір нышандар. Ақын ауылдағы өзгерістерге жіті көз тікті. Оның қарапайым шындығын сол қалпында өлең өрнектеріне түсіруге тырысты. Заман шындығының өлеңге айналар сырын сезіммен, суреткерлік көзбен тануға ұмтылды. «Ат үстінде», «Аттан түскенде», «Күзетте», т.б. өлеңдерінде лирикалық кейіпкердің туған аулына беттеп келе жатқандағы сезім күйі, сағынышы, жаңа өмір жайлы толғаныстары нанымды беріледі. Ол жаңарған ауылды көріп, өзінің бұрынғы өткен аянышты жастығын еске түсіреді, жылқышы досымен күзетке шығып, онымен бірге өткен күндерін ойға алады. Осылардың бәрі ойлы сезіммен, табиғаттың жарқын суреттерімен тұтасып, өлең құрайды. Осыған жалғас туған «Алтын ай» – Әбділданың әсем, сазды сезімтал лирика жасау жолындағы елеулі табысы. Онда түнгі жарық айдың тәптәуір портреті жасалады.

Адал махаббат пен табиғат көріністерін тұтас жарастықты бейнеде суреттеп, ақындық ой, сырлы сезіммен өрнектеуде «Меруерт моншақ тіземіз» деп аталатын лирикалық өлең жап-жақсы тәжірибені танытады.

Айна көл көктей мөп-мөлдір,
Айнала бұйра қарағай.
Аспан көлге төніп тұр,
Төңкерілген шарадай.

Осындай мөлдір көл үстінде өлеңнің лирикалық кейіпкері өз сүйгенімен көлде жүзген аққулар ортасында сайран салады, суға түскен сәуледен «меруерт моншақ тізеді». Көл үстінде, сұлулар ортасында әсем табиғаттың аясында сүйгенімен махаббатын қызықтайды. Суға түскен жұлдыздармен, сәулелермен ойнайды.

Бар жұлдыздар жарығы,
Сәулем екен өзімнің.
Бар сәуленің анығы,
Жанары екен көзінің.

Өлеңде жастық жарастықты сезім үлкен адамгершілікпен өмір сүйгіш адамның рухани ізденісімен, табиғатпен үндестікте беріледі. «Есіңде ме?», «Сүйгенім сен», «Құшағымда кірді күнім» сияқты лирикалық махаббат жырлары да сезім байлығымен, шынайы шыншылдығымен көзге түседі.

Бұл – Әбділданың лирика табиғатын түсіне танудағы, оның эстетикалық қызметін көтерудегі алғашқы ұмтылысы. Ол науқандық өлеңдердің үгіттік сарынымен жүре берудің әсері әдебиет үшін жетімсіз екенін ұқты. Орыстың, дүниежүзілік поэзияның озық үлгілеріне қол созды, олардан үйренді, ізденді. Осы жылдардағы ақын өлеңдерінен А.С.Пушкин. Г.Гейне, Т.Шевченко шығармаларын оқумен қатты әуестенгені байқалады. Кейде ол сол ақындар рухымен тілдесіп, сырласып жүреді («Тараспен әңгіме», «Екі жаһан»). Оның бірінде ертеде қазақ жерінде айдауда болып, халықтың қапастағы өмірін көрген ақынды елінің жаңа бейнесімен таныстырса, екіншісінде ұлы неміс ақынын халықтардың фашизмге қарсы күресінің куәсі етеді.

Лирикалық өлеңнің көркемдігін көтеруге ұмтылу, суреткерлікке, сезім байлығын толығырақ ашуға талаптану Әбділданы өзі өмір сүріп отырған ортаның шындығынан алыстатып әкетпейді. Қайта ақын нені жырласа да, заманның екпінді күшін, еңбекшілдікті танытуға бейімдейді. Түнгі аспанда қалғыған «Алтын айдың» өзін «ұйықтама, менімен қырман күзетіс» деп шақырады. «Сырдарияда» табиғат байлығын ел тілегіне бағындыра жырлайды. Оған: «Отанға қызмет ет. Днепрдей бізге жарық бер» – дейді. Соңғы өлең, әсіресе, ақынның туған еліне, оның табиғатына деген ыстық сезімін бейнелейтін әсем лирикалық туынды ретінде бағалы. Онда Әбділда Отанға, елге арналған махаббатын өзі туған даланың осы бір көркем бөлшегіне арнау арқылы білдіреді. Ақын бойындағы қуатты сезім таза қазақтық үлгіде ғана қалып қоймай, отансүйгіштік, бүкіл халықтық сезіммен ұштасады. Өлеңдегі ақындық параллельдер (Гейненің Рейнді, Тарастың Днепрді, Пушкиннің Волганы сүюі) оған өз өлкесіне деген ықыласын айтуға негіз болады. Бірақ бұл өлеңнің таза ұлттық үлгісін, формасын жоққа шығармайды. Осы саладағы әлемдік әдебиеттің жақсы дәстүрлерін бойына сіңіре отырып, Әбділда таза қазақ ақыны айтатын тілмен, өзінің туған жеріне деген ойын, сезімін бейнелейді. Сүйікті Сырына бүгінгі заманның тілімен үн қатып, халық тілегін сездіреді. Қанша жасаса да емшегінен сүт кетпеген кәрі анасы – Сырдың бүгінгі жасарған жаңа бейнесіне көз тастап, сол арқылы жасампаз заманның сырын да аша кетеді.

Бұл жылдардағы ақын туындыларынан тақырыптық кеңдікті, әр тараптағы ізденістерді тану қиын емес. Ол еңбек адамының ішкі сырына үңілуге тырысады. («Қарлығаш», «Блокноттан»), шет елдердегі күрес уақиғаларына үн қосады. («Ақын дауысы», «Аида») халықтар туысқандығын жырлайды («Грузия», «Орыс халқына»), балаларға арналған өлеңдер жазады. («Май, алақай!», «Бес түлік жыры»), т.б. Бұлар мазмұндық, формалық жағынан да түрліше үлгіні танытады. Өлеңді бүгінгі заманның шындығын жырлауға бағыттай отырып, оның лирикалық сырлылығын көтеру, әлеуметтік мазмұнын байытуға ұмтылу, сонымен қатар ондағы автор позициясының айқындығы, ақындық монолог – барлығы да Әбділданың ізденіс өрісін аңғартады. Оның балаларға арналған өлеңдері ойнақылығымен, тапқырлығымен ерекшеленсе, махаббат тақырыбына жазғандары қалтқысыз сезімінің кіршіксіз тазалығымен көзге түседі. Кейде ол лирикалық өлеңде сезім мен суретті ұштастыра отырып, эпикалық шалқуларға барады. «Айнабұлақта» табиғаттың әсемдігі жайлы сезім оның тосу көрмеген асаулығын бейнелейтін эпикалық суреттермен ұласып кетеді. Ақын табиғат долылығын жеңген адам күшінің тасқынын да суреткерлікпен бейнелейді. Лирика мен эпиканы ұштастыра пайдаланудағы осы бір ізденістерде Ілияс Жансүгіров суреткерлігінің әсері де бар сияқты.

Бес томдық шығармалар жинағына жазған кіріспе сөзінде («Сырласу ретінде») Әбділда: «Монологқа ғашықпын. Егер мен поэзия майданында зәредей ғана салмағым болса, еміс-еміс қана есті сөз айта алар болсам, әлсіз де болса адам сезіміне даритын болсам – осы монологқа қарыздармын!» – депті. Монолог арқылы ақын қауыммен, жұртпен бетпе-бет кездесіп, бүкпесіз тілдеседі. Ойындағысын бар дауысымен мінбеден айтады. Сырын да оңашаламай, оқырмандарымен ортақ бөліседі.

Әбділданың ақындық монологқа бет бұрысы да отызыншы жылдардың орта тұсында басталады. «Сырдария» да, «Айнабұлақ» та – соның алғашқы үлгілері. Мұның алғашқысы – сыршыл сезім үні болса, екіншісі –сыршылдықты эпикалық суреткерлікке жалғастырып, заман ұлылығы, жасампаздығы, адам еңбегінің құдіреті жайлы тебіреніп айтқан толғаныс. Ал, өзінің отызыншы жылдардың екінші жартысында жазған, лирикалық поэмаларында ақын осы үлгіні дамыта, кеңейте түседі. «Оркестр», «Күй атасы», «Абыл» поэмаларындағы өнерді сүйген сезімтал жүрек шыншылдығы эпикалық күй суреттеріне ұласып, лиро-эпикалық поэма туғызады. «Еске алу» поэмасы лирикалық кейіпкердің ауыртпашылықпен өткен балалық шағын, жастығын танытар суретке толы.

Шындықты бар күйінде бүкпесіз адал, тебірене айту, өмірдің көркем суретін көз алдыңа жайып салар қалам құдіреті Әбділданың ақындық «Менін» айқындағаны осы жылдар туындыларынан анық көрінеді. Оның «Мені» – жеке бастың күйін күйттеген адамның сыры емес, қоғам мен адам тіршілігін арқалаған, оның ойы мен ісін бойына сіңірген таланттың халқының атынан ағынан жарыла сөйлеуі. Мұны ақын біздің ерлігіміз бен адамдығымыз сынға түскен шақта – Екінші дүниежүзілік соғысы кезінде молырақ танытты. Оның соғыс кезіндегі жырлары, негізінен, ерлікті мадақтауға құрылады. Олардың көбі – ақындық үнге, монологқа негізделеді. Ақын өлеңдерінің лирикалық кейіпкері – «Ақын – батыр» жазып жатқан поэмасын бітіре алмай, майданға аттанады. Бұдан кейінгі жырлардан осы кейіпкерлердің жеңіске деген сенімі, ерлік істері танылады. Ол Еуропаның кектенген ұл-қыздарына, «күтіңдер, біз жеңіспен құтқаруға келеміз!» – деп сәлем жолдайды. «Майданнан хат», «Сырласу», «Жас қазақ», «Баласы», «Анасы» – соғыс батырларының ерлік істері мен адам бойындағы қайсарлықты, батырлықты суреттеген жырлар. Тіпті, Төлеген Тоқтаровтың ерлікпен өлгенін естіген Ананың көзіне жас алмай қайсарлық көрсету мен бір түнде шашы түгел ағарып шыққанын бейнелеу арқылы ақын оның ішкі толғанысын, қайғысының ауырлығын әдемі ашады. Осындай қайсар жандардың жеңілмейтініне сенгендей боласың. «Ленинград» өлеңі сондай батырлар Отанының символы тәріздес, іргесі берік мрамордай күшті бейнелейді.

Осы кездегі Әбділданың ақындық ізденістерінің бір саласы – оны халықтық аңыздарға, мифтік сюжеттерге бет бұруы болды. Ол халық бойындағы ерлік, азаматтық мінездерді, бақыт жолындағы күресті өткен заманның, аңыздың шартты уақиғаларына сүйене отырып ашуға ұмтылды. Мұндай шығармалардың сюжеттері, негізінен, зұлымдық пен адалдықтың, ерлік пен қорқақтықтың, адам сүюшілік идеясы мен жауыздықтың арасында болады. Осы негізде ақын адалдықты, ерлікті, гуманизмді уағыздайды. «Мерген», «Толағай», «Толғау» деп аталатын шағын поэмалар халық қамын жеген, ел есінде аңызға айналған ерлердің батырлық істерін еске салу үшін жазылған. Сол арқылы бүгінгі ұрпаққа батыр аталар дәстүрін жалғастыруды ұсынады. «Кілемшілер туралы ертегіде», «Аққуда» Әбділда жауыздыққа халық өнерін қарсы қояды. Адал махаббат пен өнер күшінің әділетсіздікті жеңіп шығуын паш етеді. Мұндай шартты сюжеттер негізінде халықтық жақсы дәстүрлерді еске салып, халқына, азаттық іздеген батырлар бейнесін жасауға ұмтылыс Әбділданың осы кезде жазған драмалық туындыларында да («Жомарттың кілемі», «Көтерілген күмбез», «Біз де қазақпыз!») жиі ұшырасады. Бірақ ақынның бұл саладағы ізденістері кезінде әділ бағаланған жоқ. Ол кездің әдеби ұғымтүсінігі көркем шығармадағы шарттылықтың, тұспалдап бейнелеудің мүмкіндігін мойындамайтын еді. Оны реалистік суреттен бөліп қарайтын. Соңғы жылдар ішіндегі әдебиет тәжірбиесі біздің бұл көзқарасымыздың қателігін дәлелдеп отыр. Қазіргі әдебиетте шартты, мифтік, аңыздық сюжеттер негізінде адамдық пен жауыздықтың күресін бейнелеу арқылы бүгінгі күннің проблемаларына көңіл аудару мүмкіндігі молайды.

УАҚЫТ

Ендеше Әбділда ақын – осы саладағы қазақ әдебиетіндегі ізденістерді алғаш бастады және оған мұрындық болды. Оны бүгін атап айту парыз.

Соғыстың жеңіспен аяқталуын Әбділда біздің құрылысымыздың беріктігінен, оның адамдары бойындағы қаһармандық, отансүйгіштік, рухтың күштілігінен деп ұқты. Сондықтан, ол жеңіске бар дауыспен жар сала қуанып («Айтыңдаршы, арманым не?»), Отанды, оның мызғымас беріктігін танытар патриоттық жырлар жазды. «Шың басында», «Шың мен теңіз» сияқты өлеңдерінде Отан бейнесін танытар жаңа образдар іздеді. Әділдік, ерлік, ізгілік ордасын ақын қашан да табиғаттың шұғылалы шапағы төгілген күйде көреді.

Адамды ардақтау, оның бойындағы жаңа заман дарытқан биік қасиеттерді жинақтап айтуға ақын «Адам» атты поэмасында тың қадам жасады. Поэманың кейіпкері – Адам патша тақтан құлаған жылы, жаңа өмірмен бірге туған жаңа ұрпақтың өкілі. Ақын оның өмірге келуінің өзін адам туралы ұғыммен байланыстырады. Ол – күрескер, өмірді жаңартушылардың басы болады. Адамзат ұрпағын жаңа жағдайда жалғастыруды міндетіне алады.

Лирикалық кейіпкердің жан сезімін кейде біз өзінің туған табиғатына деген сезінуінен («Алатау», «Туған жер»), өнер адамдарына арнауынан («Ән», «Жолдас Навои», «Маяковскийдің суретіне»), соғыс ауыртпалығын еске алу күйлерінен («Ұмытпа сен», «Ұмытпа, сәулем, сен оны»), туысқан баурларына деген ықылас-пейілінен («Қырғыз достарыма», «Ақ қалпақ»), жаңа соғыс өртін тұтатушыларға қарсы ақын үнінен танимыз. Олардың әрқайсысында Әбділда жаттанды сөз айтпайды. Жаңа, тың образдар жасайды. Алатаудың тәкаппар тұлғасы адамның тіршілігін күзеткен сақшыны елестетеді. Ол түннің пердесін ысырып, таңды тұрғызады, күнді көтеріп адамның алдына тартады. Навои ақын бізбен бірге жүрген біздің жолдасымыз, туысымыздай әсер қалдырады. Соғыс салған жараны еске алса да, лирикалық кейіпкер тебіренбей тұра алмайды. «Ұмытар болсақ өлгенді, тірліктің бізде несі бар?» деп, Отан үшін шәһит болғандардың біздің болашақ тіршілігімізбен байланысын көрсетеді. Сондықтан да ол жаңа соғыс өртін тұтандырушыларға қарсы үн қатады. Туыстас достарын көрсе де:

Көгіндей бұлтсыз көңіліңді көрдім,
Көзіңді көрдім шұғылалы күндей.
Ұлыңдай туған еркелей бердім,
Өзімді сенен өзге деп білмей, – деп ағынан жарыла сыр шертеді.

Осы өлеңдердің барлығы іштей ақындық ойдың, дүниетанымның тұтастығымен байланысып, өмірсүйгіш лирикалық кейіпкердің тіршілікке деген сенімін, оптимизмін бейнелейді. Ақындық монолог бұл жерде де өзін ақтап, оның замандастарына айтар ойын, сырын, сезімін танытып тұр. Ақын сырлары заман туралы философиялық ой-толғаныстарға ұласып, өмір мен уақыттың, дәуір мен жаңа адам сезімінің жымдасып, туысуы туралы түйінге тіреледі. Сондықтан да ол:

Мен ғана емес, өзі науан уақыттың,
Тұр көтеріп тозбас туын бақыттың.
Айтыңдаршы: қартаюға мүмкін бе?
Кел, жылдарым,
менің жарқын жылдарым,
Көтер мені, жарқырасын жырларым,
Құй кеудеме қуатыңды, іркілме! –
деп тіл қатады.

Осындай ақындық ойды заман жайлы толғаныстармен жинақтап философиялық түйін жасауға ұмтылыс елуінші жылдардан бастап Әбділда поэзиясында жаңа ізденіс, жаңа өріс басталғанын байқатады. Ол ақындық монологты эпикалық суреттермен ұштастыра отырып, заман мен оның адамының тұлғасын тұтас бейнелер, тың образдар туғызды.

1958 жылы Әбділданың «Аралдар» атты өлең-поэмаларының жаңа жинағы басылды. Бұл ақынның елуінші жылдардың бас кезінен басталған осы үлгідегі ізденістерінің үлкен жемісін танытқан кітап болды. Бұл кітапқа кірген өлеңдерден Әбділданың дүниеге, өмірге, оның құбылыстарына ой-өрісі толысқан, даналыққа бет бұрған адамның көзімен қарап, шындықты ойлылықпен ашуға ұмтылысы танылады. Ол өмір туралы, жастық, ағалық, қарттық сезім жайлы толғанады. Семьялық өмірдің фактілері негізінде ойланады. Өмірдің қызығына қоса, ыстығы, суығын еске түсіреді. Бұл тақырыптағы өлеңдердің негізгі кейіпкері етіп ақын негізінен уақытты алады. Өмір қызметін уақытпен өлшейді. Уақыттың өмірді жасартып, жасты қартайтып жатқанын көреді. «Ұшып бара жатырмын», «Сағатқа қарай бердім», «Егін көрсем кезінде орылмаған», т.б. өлеңдердің бәрінде де біздің қоғам өміріндегі құбылыстар уақыттың ұшқыр қызметі тұрғысынан бағаланады. Ақын заулап бара жатқан уақыттан заман жастығын таниды, өмірді еңбекпен ұзартуды уағыздайды. Орылмаған егін көрсе, шабылмаған шөп көрсе, не бағылмаған мал мен жазылмаған өлең көрсе, босқа өткен уақыт үшін қиналады. Ақын ұғымында уақыт туралы ой – ол заман, болашақ жайлы толғаныс.

Уақыт ұшып барады от қанатты,
Жақындатып жырақтан болашақты.
Кәрі ойлайды бүгінгі берешекті,
Жас ойлайды ертеңнен алашақты...

Осылардың қатарында ұшып бара жатқан өлеңнің лирикалық кейіпкерін танимыз. Ол артына жерді қалдырып, алдында күнді бетке алып, ұшып бара жатқан ақын қиялындай елестейді.

Әбділданың бірқатар өлеңдері қарттыққа арналған. Бұл тұрғыда оның «Көзілдірік туралы», «Таяқ туралы», «Сарамен кеңес», «Қақпа есікті», «Жастығым мүмкін оралар», т.б. өлеңдері өте қызықты жазылған. Оларда ақындық әзіл де, адам ойына қарттықты түсірер детальдарды ойната білу де байқалады. Есікті әуелі сыпайы қағып, кейін басып кірген қонақ қарттық, қолға ұстаған таяқ пен көзге ілінген көзілдірік – бәрі де уақыт белгісі, бәрі де өмір заңы. Ақын осылар негізінде адам өміріндегі уақыттың қызметі жайлы әңгімелейді. Кейде ақынның уақыт салған белгі жайында ойлана отырып, көңілсіздікке берілетін кездері де болады. Ондайда ол достары азайып қалған жалғыздығын, өмірге ілесе алмай ентігіп келе жатқанда, орға құлата салғысы келгендер кездесетінін еске алады. Бірақ бір жақсысы – ақын оған мойып қалмайды, арам достардан сақтана жүріп, өмірге ілесуге ұмтылады. «Қысылғанда», «Алматыда түсімде», «Уақытқа» сияқты өлеңдерде адам бойындағы кейбір өткінші халдардың үмітсіздікке, күйзеліске, адамға деген сенімсіздікке айналып кеткенін сыншылар (М.Қаратаев, С.Қирабаев) кезінде ескерткен. Бірақ бұл жалпы Әбділда творчествосына хас емес. Оның өлеңдерінің кейіпкері, негізінен, өмір үшін белсенді күрескер, оптимист.

Лирикалық кейіпкер бойындағы уақыттың қызметі Әбділданың «Сыр жырлары» атты өлеңдерінде тапқырлықпен бейнеленген. Ақын араға көп жылдар салып, өзінің туған өлкесіне барғанда ондағы және өз бойындағы өзгерістерді салыстыра таниды. Өзі егде тартқан ақынға Сырдың әлі жас күйінде сақталғаны көрінеді. Жас күнгі сырласы – Сырының кейінгі ұрпақпен де құрдас боп, еліне қызмет етіп жатқанына қуанады. Сыр жағасындағы балалығын еске алады. Табиғат аясында еркелеп, суына жүзеді, құсына да қол тигізбей аялайды. Бір кездегі жас достарын бүгінгі кәрі кемпір-шалдардың ішінен іздеп табады. Ақынның жас кезіндегі шатаққұмар сотқар құрбысының бүгін бар оғын далаға атып, шаршап қайтқан аңшыдай кәрлікке мойынұсынған кейпін көріп, әрі аяйсың, әрі күлесің. Күлетінің – жастық отын бойынан сылып алып, оны алқам-салқам еткен уақыт белгісін еске алудан болса, аяйтының – оның бүгінгі бейнесі.

– Сотқармысың ?
– Сотқарыңмын кешегі.
– Бала едік-ау?
– Бәрі соның кеше еді.
– Сүрт көзінді?
– Қайда келіп қалғанбыз,
Жас өседі, кәрі әрдайым өшеді.
– Сүрт көзінді, – деймін оған, суланған,
Күлген болам кісідей-ақ қуланған.
Өз көңілімді қайтсем екен қиналған,
Өз көзімді қайтсем екен буланған!..

Өлеңде егде тартқан, жастығын үнсіз, буланған көздің жасымен еске алған екі адамның ыстық сезімі әдемі суреттелген. Жаттанды, жалған көрініс емес, шын, өмірде болатын, сыры мол, табиғи кездесу. Оның ыстық табын оқырман да сезінеді. Оны ақынның кешегі жас қыз құрбысы Еркемен бүгінгі кемпір күйінде кездесуінен де сезінеміз.

Табиғатпен рухани табысу, оның шындығын, өзгерісін өмір заңдылығы негізінде қабылдау Әбділданың осы жылдары жазған табиғат жырларында жақсы көрінеді. «Көкшеде», «Қыс пен жаз», «Қыс ата», «Жаңбыр», «Өрістен қайтқан», т.б. өлеңдерде табиғатпен еркелей сырласқан адамның тамаша сезімталдығы, жанды суреттер мол.

Өрістен қайтқан інгендей,
Мезгілін сезген сауынның.
Шудасы жерге тигендей,
Келеді бұлты жауынның.
Келеді боздап жануар,
Желіні сызып жер бетін.
Қаласаң қанша сауып ал,
Жылы екен биыл төгетін...

Қандай әдемі образ. Табиғаттың Жер-анасына мейірін төккен мезгілін жауын бұлты арқылы, оны қазақтың төл ұғымына лайықтап, тауып айтқан. Қыс пен жаздың ауысуының жанды бейнеге айналуы, қыстың күндізгі, түнгі суреттері Әбділданың табиғат құбылыстарына, оның өзгерістеріне ой көзімен қарай алуын, ақындық суреткерліктің толысуын көрсетеді.

Ақын жырларында қарапайым адамдардың («Почтальон жыры», «Темірші жыры», «Бар еді бір жылқышы») еңбегі мадақталады. Еңбектің, ақын ұғымында, үлкен-кішісі жоқ. Ол қайсысынан болса да, адамның ұлылығын, рухының биіктігін көреді. «Күнмен бірге шығып», достарына «Ыстық махаббатын» таратып жүрген почтальон еңбегінен адамдар ара қатынасыныңжылы лебін ұқсақ, түлпар мінген жылқышы бейнесі жартаста тұрған ортекедей асқақ көрінеді, ал, темірші өмірді көрікке салып жасап жатқан күштің бейнесін аңғартады.

1956 жылы Әбділда Еуропаға саяхат шекті. Бұл – ақынның шет дүниені бірінші рет аралап көруі еді. Саяхат оның творчествосына жаңа тақырып болып кіруімен бірге, ойына ой, қиялына жаңа сурет қосты. Бұл циклдегі өлеңдерде жол әсерлері, әсіресе, кеме, теңіз үстіндегі сезім күйлері мол көрінеді. Ақын табиғат көріністерін жандандыра бейнелейді. Бұрын жолы түсіп көрмеген ақынның теңізбен бетпе-бет келгендегі ойлары да, көз алдына келген суреттер де қызық. Ол теңіздің асау толқынын ысқырып жел қайырған қойға теңейді. «Кемеде», «Теңізбен бет-бет», «Қара теңізге», «Теңізде», т.б. өлеңдерде ұлы теңіздің жарқын образын жасауға ұмтылады. Ақын қиялы сол теңіздей ұлы болуды армандайды.

Капиталистік дүниенің тіршілігімен, өмір сүру жағдайларымен танысу үстінде («Стамбулдан өткенде», «Стамбул түндері», «Аралдар», «Римде», «Парижде», «Балықшы», «Везувий, т.б.) Әбділданың ақындық позициясы айқын көрінеді. Ол сырты жылтырап, іші қалтырап тұрған, алдамшы көріністерге өзгеше көзбен қарайды. Стамбул түнінде екі түрлі өмір кешкен – дін жолын ұстаушылардың кешкі намазы мен ресторанда ішімдік пен бұзықтықты күйттеген американ солдаттары елес береді. Мұның барлығы Түркияның азаттық аңсаған халықтарын төбесінен басып, оның әрі саяси, әрі рухани өмірін езіп тұрған құбылыстар екенін түсінесің. Греция өмірінің бүгінгі сорақылықтары да, Рим еңбекшілерінің қайғысы да ол елдердің ескі демократтық дәстүрлеріне, мәдени мұралары қалдырған рухани байлыққа қарама-қайшы күйде бейнелеген. Ақын қарапайым еңбек адамының мұңлы тіршілігіне құлақ тосады. Олардың бойындағы халықтық күшке сенім артады. Везувий – кекке оранған халықтық тасқын күштің символы.

Кардиналдар, кардиналдар,
Везувийді еске алыңдар,
Сілкінсе бір баяғыша,
Қызыл топан от жаудырса,
Қайталаса Помпей сыйын,
Ұстау оны болар қиын, – деп ескертеді оларды ақын.

(Жалғасы бар)

КАЗАХИ В ТУРЦИИ: мы выжили под выстрелами и обрели вторую родину

Поселку Алтай в Турции всего 50 лет. Полвека назад предки его нынешних жителей прошли страшный путь из Гималаев почти до Анкары. Они отказались от земли, но бежали от преследований ради того, чтобы сохранить веру. Об этой истории поведал 365info.kz.

В этом поселке мы провели несколько дней и услышали много историй. Об основании Алтая, о гостеприимстве турков, помощи китайского посольства, о том, как молодежь едет в Европу за образованием и остается там... Но рассказ одной пожилой женщины вместил в себя всю боль, все надежды и всю силу людей этого небольшого поселка.

ИСТОРИЯ БЕГСТВА

Салиман-аже приехала из Бора, городка неподалеку от поселка Алтай, приходится внучкой Зука-батыру, известному человеку среди алтайских казахов. В этом году ей исполнилось 75 лет, но она все еще ясно помнит многое.

Этот рассказ Салиман-аже словно отражение истории страданий ее собственных предков.

— Я родилась на Алтае (Китай) в 1944 году. Мой отец Шаймерден-зангы, третий сын Зука-кажы. От двух матерей нас 11 братьев и сестер. Мой дед Зука-батыр родился на Зайсане, его отца звали Нурмахамед. Мой дед был 15-летним юношей, когда его отца не стало. Мать деда Батима из рода кожа сама была батыром по духу. Она была еще молодой женщиной, поэтому по обычаям аменгерства ее хотели выдать замуж за родственника. Она отказалась и вместе с сыном бежала из Зайсана через горы на Барколь. Там и поселились. Ата был необыкновенным человеком, он выступал против любой несправедливости.

– Пока он жил в ауле, китайцы, переодетые крестьянами, работали на поле и выжидали момента. Однажды они начали собираться на какое-то дело. Их заметил один из казахов и послал свою жену: «Предупреди Зука, что к нему идут враги, придут во время вечернего намаза», но женщину задержали китайцы. В это время дедушке принесли чаю, и ему показалось, что пиала наполнена кровью. Он вышел на улицу и сказал всем: «Сегодня мой последний день, я вам больше не смогу помочь, уходите подальше и забирайте свои семьи».

Враги пришли на заре. Байбише успела снять винтовку, но пока подавала оружие деду, ее застрелили вместе с дочкой. У деда остался лишь нож, он успел всадить его в первого нападавшего, тут на него все навалились и отрезали ему голову, потом вывесили ее на воротах на холме, который сейчас носит его имя. Мой отец Шаймардан был тогда подростком. Когда пришли в его юрту, он вырезал дыру и убежал. За ним долго гнались китайцы, но он отбился и остался жив.

Так получилось, что именно мама стала ему верной спутницей до конца его дней, — продолжает Салиман-аже. — Нас от одной матери родилось шестеро, но выжило только двое: я и мой младший брат Далельхан. Салес, Энес, Жанымхан, Далехан, Салиман и Калиман погибли. Отца убили на 10-й день после рождения Калиман – мы тогда спасались от китайских солдат.

БОЙНЯ У РЕКИ

– Мне тогда было шесть лет. Мы бежали, потому что не захотели принимать китайскую культуру, отрезать волосы как китаянки, отказываться от намаза и своих обычаев. Когда китайские власти начали принуждать нас, наши аксакалы собрались и сказали: «Мы казахи, много веков поклоняемся Аллаху, давайте найдем землю ислама, которая нас приютит. Если умрем, станем шахидами, погибшими за веру, если выживем – будем гази». С такими словами они прочитали жаназа – намаз и двинулись одной кочевкой. Кочевку возглавил старший брат отца Султаншарип-ата.

А день, когда погиб отец, я хорошо помню. Мы спустились с гор, всю долину заполнили китайские солдаты, глаз не хватало, чтобы всех увидеть. Перед нами текущая река, мы переходим ее, у мамы в руках бесик с 10-дневной Калиман, на ее спине привязана я. Около нас бредет лошадь байбише моего старшего дяди. Мамина лошадь завязла в грязи и не может выйти, бесик готов был упасть в воду, мама еле держалась на коне. Тогда сын байбише, Такан, старше меня всего на два года, скатился в воду и поднял бесик. До сих пор помню звук пуль, падавших вокруг нас.

Мой братишка сидел перед отцом на лошади, когда в отца попала пуля. Вместе они упали под ноги бегущих верблюдов и коней.

Кое-как схватив отца, мы оторвались от врагов. Потом остановились на ночевку в тугаях. Отец умирал – пуля пробила ему печень. Он спросил у джигитов, как течет кровь – прямо или пенится? Ему ответили, что пенится. Он сказал, что его смерть пришла, попросил, чтобы повернули его головой к Мекке.

ГОД В КАШМИРЕ

– В Гималаях мы шли целый год, из шести детей смогли выжить только мы с братишкой. В Гималаях люди задыхались, не хватало кислорода, человек мог идти по дороге и упасть замертво. Моя старшая сестра отекла так, что не могла двигаться. Помню, она утром проснулась, изо рта у нее текла кровь, она произнесла «апа» и умерла.

Умерших просто закапывали в снег, не было сил долбить промерзшую землю. В Гималаях не было ни зверей, ни птиц, кругом снег и ветер. Я спрашиваю себя, почему тогда не мерзла? Сейчас в теплой одежде, в теплом доме мерзну, а тогда почему не мерзла? Ведь даже одежды не было, кроме той, что была на нас.

Наконец мы пришли в Тибет. На границе Тибета и Пакистана у нас была еще одна крупная перестрелка с тибетскими пастухами. Они напали на нас среди ночи. Я засыпала, когда поднялся шум. Даже не помню, где лежала – это был сарай или землянка. Потом все прекратилось. Утром хотела выйти на улицу, но мама сказала: «Не отходи далеко, там солдаты ходят». Я пригляделась – вокруг лежат мужчины и смотрят на нас, чего-то ждут. Оказалось, напавших на нас тибетцев отогнали пакистанские солдаты. К ним отправились трое наших самых образованных людей. Потом пакистанские солдаты пришли, отобрали у нас ружья, сфотографировали и дали немного еды. В те времена там правил шейх Саиб, большой начальник, правоверный мусульманин, да одарит Аллах его своим сиянием! Он распорядился, чтобы тибетцы привезли нам лошадей, мы поехали от аула к аулу и так добрались до Кашмира. Там мы сели на грузовик и приехали в какое-то место с двухэтажными домами. Нас расселили, как мы хотели, по две семьи в один дом. Мама сказала, что мы останемся с семьей байбише и поместимся со всеми. У нас не то что имущества, одежды не было. Мы были счастливы уснуть спокойно в теплом доме. На следующий день нас вызывали по одному, каждому дали чистую одежду и легкие одеяла. Раз в неделю выдавали мясо, рис, хворост и немного денег. Эти деньги мы не тратили. Когда через два года накопилась достаточная сумма, мы отправили нашего дядю в хадж – поблагодарить Всевышнего за спасение и помолиться за усопших. Из одного аула нас вышло 61, дошла только половина.

Мы прожили еще год, когда пришли американцы и сказали, что приглашают нас жить к себе. Но мой дядя Султаншарип ответил, что мы поедем в мусульманскую страну, в Турцию, к нашим братьям по крови. Он подал прошение в турецкое посольство. Потом мы сели в поезд и добрались до арабского города Басра. Оттуда пароходом целый месяц шли по морю до турецкого города Тузла. Как только мы приплыли, маму сразу поместили в госпиталь – у нее обнаружился рак. Я тогда испугалась и стала держать оразу. Мне было 10 лет, шел 1954 год.

ПАМЯТЬ О МАТЕРИ

– В Турции мы обрели свою вторую родину. Нам выделили трехкомнатный дом, одну комнату выделили под сарай для скота. Мама катала кошмы с красивыми узорами, обменивала на скот, получала немного денег, покупала молоко и хлеб. В четверг убирала дом, мыла нас и готовила вкусную пищу. Потом долго с нами разговаривала: «Если я умру, живите дружно, поддерживайте друг друга, сохраняйте веру в Аллаха, давайте милостыню. Құдайға сенген – құстай ұшады, адамға сенген – мұрттай ұшады». Вот так она нам говорила.

В 17 лет я вышла замуж и уехала в Стамбул. Мой братишка живет в Вене, у него, как и у меня, большая семья: дети, внуки, правнуки. Наши жизни сложились хорошо. Мы всем довольны и каждый день благодарим Всевышнего!

Через два года после того как я вышла замуж, умерла мама. Ей было всего 40 лет. Она носила калоши, кимешек, платье и камзол. Нам, детям, она казалась такой взрослой, хотя была молодой женщиной. Мама очень любила нас с братишкой. Если другие матери могли поругать или даже побить, наша не поднимала даже голоса. Я помню, как мы с братишкой бегали по поезду и уснули на ступеньках. Она ходила по всему составу в поисках нас и плакала. А когда нашла – даже слова упрека не сказала. Такой золотой матери еще ни у кого не было.

В Гималаях она спала на коленях и локтях всю ночь, чтобы спрятать нас с братишкой под животом, закрывая своим чапаном с обеих сторон. И нам под снегом под маминым животом было тепло. Сейчас я думаю, смогу ли я вот так спать до утра на коленях? Бывают ли еще такие матери? Пусть Всевышний примет ее чистое сердце! Ради нее я поехала в хадж, но сколько бы ни совершала поклонений, этого недостаточно.

Я до сих пор ношу платья, сшитые мне мамой перед свадьбой. Раньше стеснялась надевать национальную одежду, потому что она привлекает внимание. Носила только в праздники, пока один знакомый турок не сказал: «Носи с гордостью и не забывай о своей истории!»

Райхан РАХИМ
(в сокращении)

КТО ХОЧЕТ ОСТАТЬСЯ КАЗАХОМ – ищет возможности, кто не хочет – причины

В последнее время все больше людей выражают мнения, что в Казахстане гораздо красивее и чище русский язык, чем в самой России.
Взять, например, высказывание генерального директора российского Первого канала Константина Эрнста, которое он озвучил в 2016 году по отношению к казахстанской команде КВН «Спарта»: «Спарта» – спасибо за настроение и лучший русский язык». Кроме этого, даже некоторые казахи стали заявлять, что отдают учиться детей в РК исключительно в русские классы.
Корреспондент медиа-портала Caravan.kz связался с казахстанским писателем Канатом Тасибековым и узнал, с чем связана такая тенденция.

- Бытует мнение, что в Казахстане на русском языке говорят лучше, чем в России. Почему?

Мен жазушы Нұрлан Қамидың шығармашылығымен 1990-жылдардың басынан бері таныспын. Содан бастап оның әрбір жаңа шығармасын қалт жібермей қадағалап оқып келемін десем, артық айтқандық емес. Алғашында Нұрлан өте аз жазатын, аз жазса да саз жазатын. Аз жазуының себебі өзіне деген сынның қатаңдығынан, талаптың күштілігінен екен.Осы талаптың күштілігінен ол алдындағы майталман жазушылардан көп үйреніп, қаламын әбден ұштап, шеберлігін шыңдап алды. Қазір оның қаламы жүрдек. Не жазса да, тез жазып тастайды.

Нұрланның біз білетін ең алғашқы, тырнақалды туындыларының бірі **–«Тау қызы» әңгімесі**. Таным, талғам атаулыдан жұрдай, тек оқиға қуып оқитын оқырманға ол шынайы өмірден алшақ жатқан қиялилау бірдеңедей көрінуі де мүмкін. Ал тереңіне сүңгіп, тұңғиығына бойласаңыз, ар соты деймісіз, талғам таразысы, яки парасат пайымы деймісіз – әйтеуір бұ дүниедегі адамзаттың алдынан шығар тереңдік пен биіктік өлшемдерінің бәрін осынау шап-шағын әңгімеден табасыз. Автор біресе Сәкен болып, Тау қызының сұлулығына сұқтанып, әсемдігін әспеттейді. Көк мұнар қалқыған тау басында, ғашығы қасында бақыттан басы айналып, «Адамзат бақытының шырқау шегі» деген симфония жазғысы келеді. Біресе айдай ару Ғалия болып, өзі өле сүйген, Құдайдай сенген Сәкенінің құшағына тығыла түсіп, адалдық пен арлылық туралы тоқсан тарау ой толғайды. Ақыры сенген серісі өзін көпе-көрінеу зорламақ болғанда «жүрегіне біреу түкіріп жібергендей» бәрінен жерініп, қорланып, тұра қашады.

Келесі **«Бір түні»** деп аталатын әңгімесі де осы махаббат пен адалдық тақырыбына арналған. Оның кейіпкерлері үшеу: әйелі, күйеуі және қыз. Мұнда да автор оқиға мен құбылысқа біресе әйелі, біресе күйеуінің, енді бірде жас қыздың тұрғысынан қарап, әр тараптан баға береді. Бір кейіпкерге, бір оқиғаға қатысты туындының бірнеше адамның көзқарасы тұрғысынан баяндалуы әлем әдебиетінде баяғыдан бар. Мәселен, бар-жоғы 33-ақ жыл ғұмыр кешкен орыстың әйгілі жазушысы Всеволод Гаршиннің «Суретшілер» әңгімесі осы әдіс-тәсіл, осы формалық ізденіспен жазылған. Сондай-ақ, жапон Рюноскэ Акутагаваның «Орманда», француз Альбер Камюдың «Бөгде» шығармаларында да көрініс тапқаны мәлім. Асқар Сүлейменовтің «Бесатарында» қолданылғанымен, осы көркемдік тәсіл қазақ топырағын әлі жерсіне қоймағанын мойындамасқа шара жоқ. Нұрлан Қами осы олқылықтың орнын толтыруды көздеп, оқиға мен құбылысқа «Тау қызында» екі, «Бір түнінде» үш тараптан баға беруге тырысқан және осы талабы едәуір сәтті шыққан.

Осыдан кейінгі **«Кездесу», «Қарт Қожақ», «Қар адамы», «Шизофрения»** сынды әңгімелерінде Нұрлан әңгіме жанрының табиғатын терең түсініп, бір кісідей игергенін байқатты. Ал **«Степаныч», «Көк қақпа»** туындыларында көлемді, кең құлашты әңгімелер жазуға да төселіп қалғанын, енді хикаят жазуға да дайын екенін көрсетті. Соңғы екеуінің сәтті жазылғаны сонша орта буын жазушылардың «Нарық нақыштары» жинағы шыққанда қазақтың майталман жазушысы Дулат Исабеков Нұрланның осы «Степаныч» әңгімесі туралы жылы-жылы пікір айтты.

Жазушының кейінгі жылдары жарық көрген **«Шал», «Темірқазық», «Хан Мөде», «Ел шетіне жау келсе» хикаяттары** – қазақ қоғамындағы талай жылдан бергі қордаланған мәселелерді көтеруімен құнды. Алдыңғы және ең соңғы хикаяттардың тақырыбы ұқсас, сол баяғы Кеңес-Герман соғысы, КСРО мұраға қалдырған мәңгілік тақырыптар. Әуелде Дулаттың «Тіршілігі», Хемингуейдің «Шал мен теңізі» еске түскендей күй кешесіз. Көп ұзамай-ақ Нұрланға ғана тән таным мен талғамды аңдайсыз. Әлгі ұқсастық өр тұлғалы, асқақ рухты туындыларға ортақ рухани туыстықтан бастау алғанына көз жеткізесіз.

Ал **«Хан Мөде» хикаятының** болмыс-бітімі мүлде бөлек. Бұл хикаятта сонау Иса (ғ.с.) пайғамбармен замандас Мөде ханзаданың, кейінірек әлемге әйгілі Мөде қағанның тексті де бекзат бейнесі бар болмысымен алдыңнан шығады. Жиырма ғасыр бұрынғы ғұндардың қоғамы, айтпайтын, айтқанынан қайтпайтын атабабаларымыздың нар тұлғасы күні кешегідей болып жанды да шынайы қалпында суреттеледі. Апырай, осынау тарихи туындыны осы қалпында көркем фильмге айналдырар режиссер табылса ғой дейсіз қиялдап. Алайда, күні кешегі тарихты жарқыратып көрсете алмай жатқан киногерлердің ол оң жамбасына келе қояр ма екен...

Нұрлан Қамиды қатарластарынан оқ бойы озық қылып тұратын ең асыл қасиеті – оның ұлттық құндылықтарды, ұлттық болмыс пен бітімді көздің қарашығындай сақтауға тырысатындығы. Содан да болар оның кейіпкерлері рухани бай, салт-дәстүрге, қазақы таным мен талғамға берік, иманды да ибалы болып келеді. Қаламгердің кез-келген шығармасы бұл пікірімізге айғақ бола алады. Ұлттық құндылықтарды ұлықтау, қазақы таным мен талғамға адалдық тұрғысынан алғанда Нұрлан өзі ұстаз тұтатын Мұхтар Мағауиндей ірі сөйлеп, кесек турайтын біртуар тұлғадан көп нәрсені үйренгені байқалады.

Ұлы Мұхтар Әуезовтің «Талант мені таны деп ешкімді жағадан алмайды, талантты танып алады» деген ғажап сөзі бар. Осы сөзде терең мән-мағына жатыр. Сол Мұхаң айтқандай, дәлдүріс жазарман мені таны деп біреуді жағадан алуы мүмкін, ал таланттың оған ары бармайды. Нұрланда мені тани қоймадыңдар деп, біреуге ренжіп, немесе ешқашан атақ, абыройдың артынан жүгірген емес. Тіпті, Жазушылар одағына мүшелікке өткеніне де он жылға тола қоймапты. Алайда, ол кейінгі жылдары өндіре жазып, бірнеше аударма кітабы мен төл туындылары қатарынан жарыққа шықты. Таяуда ғана «Беймезгіл» атты қомақты романының 1-кітабы жарық көрді. Бұл Нұрланның атақ-абыройдың артынан жүгірмейтініне, қайта атақ-абыройдың өзі оны іздеп тауып жатқанына айқын дәлел болса керек. Ендеше, кемеліне келген қаламгерден алдағы уақытта бұдан да зор, сүйекті, соқталы шығармалар күтеміз.

Әбділдабек САЛЫҚБАЙ

■ İS-SHARA

Иә, бұл игілікті дәстүр сонау 2011 жылғы Рамазан айы қарсаңында бастау алған. Кейбір арзымайтын себептерге байланысты арада шамалы үзілістер ұшырап жатса да, басты бағытымыз қасиетті қалпынан жаңылған жоқ. Иісі қазақтың той-думанына қызметке жаралған Аманғали Нияз бауырымыз көтерген бастама өзі сияқты аузын ашса жүрегі көрінетін Әкім Мұсақұлов пен Нұрмахан Қарыдай алдыңғы толқыннан қолдау тауып, ары қарайғы қызметті Сәбит Лаханов пен Сәкен Бегмановтай, Мұрат Қоңырбаев пен Қанат Дауылбаевтай жақсылықтың жанашырлары жалғастырып әкетті.

АЯУЛЫ ЖАНДАРҒА АРНАЛДЫ

Мақсат – айлардың сұлтаны Рамазан айында шағалалы Шардара өңірінде өмірден өткен «жегені жантақ, арқалағаны Алаштың аманаты» болған БАҚ өкілдері мен өнерпаз жандардың әруағына Құран бағыштау. Солардың өнегелі өмірін, өнер деген ұлы керуенге енді-енді еріп, елге таныла бастаған бала қырандарға бағалата білу, жаңаның тамыры көнеде екенін көрсете білу еді. Баз біреуге әншейін ғана қатпа қара шал шығар, ал өзіміз үшін «Көш басындағы – Қаранар», абыз-жырау Тәшман Шекеров көке қазыналы қариялығымен жаза басып жаңылған сәттерімізде туралыққа бағыттап отырды. Азаматтарға Алла разы болсын! Сонымен, қасиетті айда «Жастар» тойханасында аудан бойынша өнердің өрінде жүрген ұлқыздарымыз жиналып, ауызашар асымызды бердік.

Қашанда ұлағатты істердің ұйтқысы болып жүретін, пендешілігі жоқ, періште-пейіл азаматтар алға қойған мақсаттарын абыроймен атқарып шықты. Ауызашар дастарқанына өмірден өткен жандардың баршасының туған-туысқандары, құдай қосқан жарлары, бауыр еті – балалары түгелдей дерлік шақырылды. Сонау өткен ғасырдың елуінші жылдары ауыл-ауылда ұйымдастырылған «Қызыл отау» деп аталатын өнер орталығын басқарған, халық ақыны Кәттехан Қыстаубаев, өзенді өлке, шалқар теңізді Шардараның «Шардара толқындары» деп аталатын, ақиық ақын Төлеген Айбергеновтің сөзіне жазылған, кейінірек шардаралықтардың әнұранына айналған әннің авторы, ардагер ұстаз Мамыр Жалаңбасов, өнер мен ел басқару қызметін қатар алып жүріп өмірден өткен Саламатхан Лашынов, ауыл өнерпаздарынан ұлт аспаптары оркестрін құрып, сонау Мәскеуге барып концерт құрып қайтқан Сәдуақас Шорабеков, айтыс өнері қайта жаңғырған сексенінші жылдары Оңтүстік Қазақстан облысының намысын қорғаған, ақтаңгер ақын Камал Ендібаев және шәкірті Уәли Исахов, өнер ұжымдарын дайындауда асқан қабілетімен көзге түскен Орынбасар Уәлиханов, Рахманберді Айтбеков, Айтмырза Көбенов, талай-талай талантты әншілердің балақбауын сыпырып, өнер көгінде самғатқан Аманқұл Әбдірасылов, мандолинамен шығыс халықтарының барлық тілдерінде ән шырқайтын Зұлпыхар Исаев, асабалық өнердің асқар шыңына шыққан Дүйсен Әбішев, Күнтуған Жайнаров, дауыстары күні бүгінге дейін санамызда жаңғырып тұрған Әмірхан Алқабаев, Жұмабек Бектұрсынов, Шардараның «Қара бауыр қасқалдағы» – Лесбек Аманов қаламы қарымды журналистер, "Шарайнаның" тұңғыш редакторы Оңалбай Еспанов, Жұмабек Мұқанов, Ниятолла Сейданов, Құдайберген Өтеш, Шардараның күллі өмірін фотоға түсіріп кеткен Оңласын Төлегенов, осы өңірде ең алғашқы отбасылық ансамбль құрған Кеңес Ибрагимов, Жанас Ибрагимов, дәулескер күйші Жорабек Ермеков, күш атасы Қажымұқанның бейнесін кинода сомдаған, жерлесіміз Әлеухан Бекболатов, өзі өрт сөндіру саласының қызметкері болғанмен, өнерпаздарды ерекше құрметтейтін Кемелхан Телеуов, «Сарыарқалы-сардала» әнін әуелете шырқағанда бозбала шағыңды еріксіз есіңе түсіретін Гүлбазар Жұмабаева, Шардара ауылында шыңдалып, ауданның абыройын асқақтатқан «Дидар» ансамблінің мүшелері Әбдіқадір Тұрсынбаев, Бәкира Айтбаев, Дүкенбай Әлтаев, дәл осы күні елу жылдығын еске алып, облыстық деңгейде жыр-мүшәйрасы өткен, зерттеуші-ғалым, көрнекті ақын Әмірхан Балқыбек, айтулы асаба, ақын Жиенбек Шырынбеков, Нұрлыбек Шырынбеков, Сейітбек Сайманов, өнерпаздар Құрбан Әшімханов, Дүйсенбек Қаратаев, Роза Мамасеріпова, Айжан Байбөриева, Айымхан Сейітжаппарова, Бақыт Ятайұлы, Асхат Көшербаев, Қайрат Қуандықұлы, Түгел Ақжаров, Алғабек Тоқсанбаев, Сәбит Мұсақұлов, Арнат Тұмақов, Өтебек Сарыбасов, Жарқынбек Қаныбеков, сыбызғыдай сырлы үнімен тыңдарманның жанжүрегін лезде баурап алатын термеші Жұмахан Жақыпов, арқыраған даусымен әннен бұлақ ағызған арынды әнші Бейсенбек Бибосынов, қара сырнайын көсілте созып нар Нартайдың әуеніне шырқата салғанда күллі қазақ даласын көз алдыңа көлбеңдетіп әкеліп қоятын нар тұлғалы Жақсыбай Тілеубаев, «Ақторғындай» ән төресінің мәтінін жазған Қуат Сәдібеков, «Ақ әжелер» тобының белді мүшесі, әнші, ардақты ана Аманкүл Мүтәлікеліні, өнердегі талабы енді ғана ұшталып келе жатқанда кездейсоқ ажал құрығына ілінген Дәрмен Садықовтардың әруағына құран бағышталды.

Әрқайсысының өміріне тоқталып өзекті шығарма жазуға тұрарлық әзиз жандардың әруағы риза болсын дейміз де енді...

Жалпы, осындай ұлағатты тірлікке ұйытқы болып жүрген жоғарыда аталған азаматтардан да басқа үлес қосқан жігіттер мен ару қыздарымызға Шардара аудандық "Өнер" Қауымдастығының төрағасы ретінде шексіз ризашылығымды білдіремін.

Әбдіғаппар АЙДАРОВ ,
Шардара ауданы
Түркістан қаласы



АРАҚ

Заманның тыныш кезінде Жаңақорғанның біраз жігіті ішінде Манап ақын, Есіркеп Қонқабаев дейтін ақын бар, тау қойнауына демалуға шығады.
Қуақылау бір жігіт:
- Есаға, Мәке, бұрын қазақта арақ болмаған екен, Дальдің түсіндірмесінде де, орысша-қазақша сөздікте де байқамадық. Сонда шараптан басқаны білмейтін қазақта «арақ» деген атау қалай пайда болған? - дейді. Есіркеп ақын жұлып алғандай:
- Ой, жігіттер-ай, ол «Айқайлап, Рахаттанып Ауылға Қайтамын» деген сөздердің бас әріптерінен құралған сөз ғой, - дейді. Сонда, Мәкең мырс етіп:
- Әй, Есаға, олай емес шығар «Айқайлап Рахаттансаң Ақыры Қамаларсың» деген сөз болуы да мүмкін ғой, – деген екен.

Дайындаған: Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

Екі депутат пікірталас өткізіп жатыр.
Бірі екіншісіне:
– Сіз халықты алдауыңызды доғарыңыз!
– Жоқ, Сіз доғарыңыз!
– Бірінші Сіз доғарыңыз!
– Жоқ, Сіз!
– Неге маған қадалып қалдың, сонша?
– Сіздің жасыңыз үлкен ғой...

***

- Қасыңа бара алмадым. Сені іздеп таба алмадым...
- Не боп қалды?! Әйеліңді сағындың ба?
- Жоға! Соткамның зарядкасын іздеп жүрмін.

***

- Жо-о-о-о-оқ, ма-а-ма-а-а, сөйлеспе-е-ейм, бе-ерме... (трубка қолына ұстатылды) Әлө, Айгүл тәте! Қалайсыз? Мерекеңізбен!

***

Екі еркек бірдей киім кисе – бауыр. Екі әйел бірдей киім кисе – дұшпан.

***

– Е, мал! Бері қарашы!
– Шамалы мәдениеттірек сөйлессеңіз!
– Ой, кешірім сұрайым. Мал-ЖАН! Бір сәтке бері қарап жіберіңізші.

***

Жүз әйелден «жасыңызы нешеде?» деп сұрасаңыз, елуі: «қанша жастағыға ұқсаймын?» десе, елуі: «қыздың жасын сұрамайды» деп жауап береді екен.

***

Шіріген баймын, түсерде шофер ашады алдыңғы есігін ... автобустың.

***

40-тан асқанда ғашық болып, отбасын тастап, басқа бір еркекпен кеткен қатындарға таң қалмаңдар. Ақымақтықтың жасы болмайды.

***

- Үшінші сұрақтың шешімін берші.
- Уақытында оқымайсың ба?!
- ВК-дағы суреттеріңді лайктап берем, Нәзко!
- Кәз күте тұр. Апай қарап тұр, кетсін.

***

- Ұялмайсың ба?! Сыныптасыңның көзін неге көгерттің?
- Өзі ғой! Тырнағымды тістеп отырғам, келді де, «мә, көкеңдікін де ауыз ти!» – деді.

Әйел туралы әзілдер

*** Әйелдер отыз жасқа дейін жасарады, отыздан кейін ғана жақсарады...**
*** Халықаралық әйелдер күні не үшін сегізіне белгіленгенін білесіз бе? Өйткені олар – әлемнің сегізінші кереметі.**
*** Әйелдер «50% жеңілдік» деген жазуды көрсе болды, милары да 50% жұмысын тоқтатады.**
*** Әйелдер құпияға берік келеді. Олар тек топ болып құпия сақтайды. Олардың құпияларын, кем дегенде қырық адам біледі.**
*** Табиғатынан бұйра шашы бар әйелдер шашын түзегісі келсе, шашы түзу арулар бұйралағысы келеді.**
*** Әйелдерді түсінуге тырыспай-ақ қою керек, өйткені олардың өздері әлі өздерін толық түсінбейді.**
*** Әйелдер ғана «Болды, маған хабарласпа» деп алып, артынша қоңырау күтіп жүреді.**
*** Тек әйелдер ғана тісін тазалап жүріп раковинаны қоса жуып тұрады.**

№21 санда шыққан сөзжұмбақтың жауабы

			Ш			П	Ь	Е	К	С	А		А	
П	У	Ш	К	А		А			А		Х	О	У	Н
Ә		Т	А	Ғ	А	Т			Р		Т			Е
К	У	А	Л	А		Р	А	Ф	И	Н	А	Д		И
Т		Б	А	Р	Д	О		А	М	А	Н	Ж	О	Л
І				Т	Е	Н	О	Р		Р		А	М	О
К	А	У	Ч	У	К		П	А	Р	Т	И	З	А	Н
	Я		А		А	Я	Т		У		У		Р	
Г	Р	А	Ч		Д		И	П	П	О	Д	Р	О	М
		Т	А	С	А		К		О		А	И	В	А
		Л		Ф		Т	А	Т	Р	А		Я		С
Е	Р	Е	Ж	Е		Ы		А			О	Д	Р	А
В		Т	Е	Р	Е	Ң		М		О	Қ		И	
Р		И	К	А	Н		Қ	А	Қ		А	Л	М	А
Е		К			Ж		Ұ	Р	Ы	С		А		Б
И	Л	А	Л	Л	А		Л	А	Н	А		М	Ү	К
	А		А	И	Р	Е	С			Д	А	Б	И	
А	К	А	Н	Т		Г	А	З		А		А	Ш	А
			К	Е	К	І	Р	Е		Қ	А	Д	І	Р
Ы	З	Ғ	А	Р		С	Ы	Р	Ғ	А		А	К	Т

Өзге ғаламшардағы тіршілік қандай болуы мүмкін?

Біз үшін улы болуы мүмкін заттар алыс бір әлемде өмірлік маңызды болуы ғажап емес. Керісінше, бізге қажет ауа оларға удан бетер болуы мүмкін. Біз су мен көміртексіз тіршілікті елестете алмаймыз. Алайда өзге тіршілік иелерінің жоғына кім кепіл?

Кремний

Оттектен кейінгі Жердегі кеңінен таралған элемент. Кремний диоксиді күнделікті қолданатын тіс пастасының құрамында бар. Ал кәдімгі балшық, кварц, сутастың негізі - кремний.

Құрамы жағынан көміртекке ұқсас. Зат алмасуға қажет түрлі қиын қосындылар тудырады. Бірақ көміртекке қарағанда екі есе ауыр. Дегенмен сутекпен бірге ыстыққа төзімді затты түзеді. Оған қоса күкірт қышқылына төзімді. Ойыңызға Шолпан ғаламшары келді ме? Дәл осы ғаламшарда мұндай тіршілікке ыңғайлы жағдай жасалған.

Аммиак

Дәлірек айтқанда, азот пен сутегі қосындысынан жасалған ашы иісті түссіз газ. Аммиак тығыздалған күйінде химиялық әртүрлілікті көп береді. Азот пен сутегі қосындысының негізінде протеиндер, нуклеин қышқылдары (дәл біздің ДНҚ-дағыдай) және өзге де полимерлер туындауы мүмкін екені белгілі. Тіпті, аммиакты бір жасушалыларды Юпитер, Уран немесе Нептунда болуы әбден мүмкін.

Фосфор (жанартас)

Егер атмосфера аммиактан түзілсе, ал жерде жанартас көп болса - бұл фосфорлы-азотты өсімдіктер үшін қолайлы орта. Олар ауадан азотты алып, аммиакты қышқылдандырады. Жанама өнім ретінде сутек қала береді. Мұндай ғаламшардағы жануарлар керісінше сутекпен демалып, аммиак пен жанартасты тудыратын еді. Бұның өзі бір - экожүйе.

Метан

Сатурнның серігі Титандағы көлдер мен өзендер метаннан тұрады. Ғалымдардың айтуынша, Титанда метаногенді - сутек, этан және ацетиленді жұтып, метанды шығаратын ағзалар тіршілік етуі мүмкін дейді. Мысал ретінде ғалымдар 2015 жылы сұйық метанда өмір сүре алатын азотты қосындылардан тұратын бір жасушалы мембрананы жасап шығарды.

Күшәла (мышьяк)

Мүмкін емес, бірақ шындық: Жерден жасушасында осы у бар микроб табылған. Оған қоса, бұл бактериялар күшәламен емін-еркін демалады. Бұдан кейін ғалымдар күшәла кейбір ғаламшарда дем алатын ауа болуы мүмкін деген қорытындыға келді.

Фтор

Ғалымдардың зерттеуінше, жатпланеталық биожүйеде фтор оттектің рөлін ойнауы мүмкін. Ал сұйық фторлы сутегі (кез келген жер тұрғыны үшін ауыр у) жергілікті су болуы әбден ғажап. Алайда мұндай мұхиттардың болуы неғайбыл, өйткені фтор Жер бетінен лезде жоғалып кетеді. Бірақ бұл бізде ғой...

massaget.kz

■ 2019 – QAZAQSTANNYŃ ÓZBEKSTANDAǴY JYLY

Ташкенттегі Өзбек Ұлттық академиялық драма театрының ұжымы көрермендер назарына қазақтың ұлы ақыны әрі ойшылы Абай Құнанбаев жайында спектакльдің премьерасын ұсынды.

«АБАЙ» САХНА ЖҰЛДЫЗДАРЫН ЖИНАДЫ

Биылғы Қазақстанның Өзбекстандағы жылына орай қойылған бұл сахна туындысына шығармашылық саласындағы бірқатар танымал тұлғалар қатысты. Қазақтың классик жазушысы Мұхтар Әуезовтің осы аттас туындысын жазушы, Өзбекстан өнеріне еңбек сіңірген қайраткер Насыр Фазылов тәржімалаған болатын. Ал қойылымның жаңа заманауи редакциясын белгілі публицист Ахмаджон Мелибаев дайындаған. Режиссёрі – Өзбекстанға еңбек сіңірген әртіс Марат Азимов, суретшісі – Өзбекстан өнеріне еңбек сіңірген қайраткер Бахтиер Тураев.

Спектакльде Абайдың қым-қуыт қарама-қайшылық пен сан түрлі сынақтарға толы тағдыры баяндалады. Бас рөльді Өзбекстанның Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Якуб Ахмедов пен Өзбекстанға еңбек сіңірген әртіс Махмуд Исмаилов асқан шеберлікпен сомдады. Сонымен қатар, Өзбекстанға еңбек сіңірген әртістер – Гульчехра Ибрагимбекова, Сайёра Юнусова, Шохида Исмаилова, Мехриддин Рахматов, Абдураим Абдубахобов, Тахир Саидов та өз рөльдерін тамаша орындап шықты. Қойылымда Дильноза Кубаева, Азиза Шарипова, Феруз Бурхонов, Лазиз Орзиев секілді жас таланттар да өнер көрсетті.

Фатима ҚАНАЕВА,
Өзбекстан,
Шыршық қаласы.

АҚИҚАТТЫҢ АЛДАСПАНЫ АРДАҚТАЛДЫ

Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай Р.Сейтметов атындағы Түркістан қаласының сазды драма театрында Д.Исабековтің «Өйтпесе Мағжан болама?» спектаклі сахналанды.

Қойылымда Алаштың арысы, ақиқаттың алдаспанына айналған қазақ халқының мақтанышы, ел болашағының тұтқасы жалынды жастарға зор сенім артқан дарынды ақын Мағжан Жұмабаевтың жастық шағынан бастап өмірінің соңғы кезеңіне дейінгі өмір жолы, абақтыдағы азапты ғұмыры мен жұбайы Зылихаға деген адал махаббаты суреттелді.

Мағжан Жұмабаевтың рөлін Ғалымжан Жақыпов сомдаса, Зылиха Жұмабаеваны Кәмшат Әштекова ойнады. Қойылымның режиссері – Айдар Наурызбаев.

Жиынға Түркістан облысы Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының басшысы Нұрдәулет Исабек, зиялы қауым өкілдері мен мәдениет саласының қызметкерлері, қала тұрғындары және жастар қатысып, ұлт зиялыларының жарқын болашақты көксеген қарбалас тарихы мен тәлкекке толы тағдыры туралы тебірене тамашалады.

– «Қойылымның соңына дейін Мағжан Жұмабаевпен бірге өмір сүргендей әсерге бөлендім. Көзімнен жас кетпеді. Қазақтың еңсесін тік көтерер қаншама асыл азаматтарымыз жазықсыз құрбан болып, жапа шеккеніне өкінесің. Әйелдердің мықтылығына сүйсінесің. Абақтыда жатқан Мағжанға күн-түнге қарамай әрең жеткен жары Зылиханың сонда да қиындыққа мойымай, «Қамыс ішінде батпағына аунап жетсем де жарыма деген адал махаббат сол жолды жұмаққа келе жатқандай күйге бөлейді», – деп айтқан сөздерінің өзінде тұнып жатқан даналық пен тектілік жатыр. Бүгінгі қоғамның жастары осындай қойылымдардан үлгі алуы керек», – деді ҚР Мәдениет қайраткері, зейнет жасындағы мәдениет майталманы Ұлжалғас Әбенқызы.

Ақынның өмірі, елдің тағдыры, ұлт зиялыларының бастан кешкендері мен бір-біріне деген қолдауы, ер мен әйел арасындағы адал махаббат баян етілген қойылым «Әлдиле, өлім, әлдиле» деген жарының өлеңін соңғы рет қайталай отырып, шындық пен сағынышты көкірегінде қаттаған Зылиха ананың өлім құшағына енуімен аяқталды.

Қойылымнан ерекше әсер алған көрермендер театр ұжымына алғыстарын білдірді.

qazaquni.kz

Абай Құнанбаевқа ескерткіш орнатылды

Алматы облысында инвесторлар Абай Құнанбаевқа ескерткіш орнатты. Мүсіннің ашылу салтанаты Панфилов ауданы, Көктал ауылындағы Абай атындағы орта мектепте өтті.

Ескерткіш «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының президенті Кахарман Джазиннің бастамасымен және инвесторлардың көмегімен бой көтерген.

«Бұл 2020 жылы атап өтілетін Абай Құнанбаевтың 175 жылдығы қарсаңындағы тарту», – дейді ШЫХО-ның бас инженері Бақытжан Тастанбеков.

Биіктігі 4 метр болатын ескерткішті аудан әкімі Темірлан Бектасов салтанатты түрде ашып, соңғы қоңырау қарсаңында мектеп бітіруші түлектерге қазақтың ұлы ақыны Абайды оқуға шақырды.

qazaquni.kz

ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:

1 ай	қала	379,24	3 ай	қала	1137,72	6 ай	қала	2275,44	12 ай	кала	4550,88
1 ай	ауыл/аудан	397,86	3 ай	ауыл/аудан	1193,58	6 ай	ауыл/аудан	2387,16	12 ай	ауыл/аудан	4774,32

Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС

ҚАЗАҚ ҮНІ

Президент –
Редакторлар кеңесінің төрағасы –
Қазыбек ИСА

Бас редактор – Құлтөлеу МҰҚАШ

Бас редактордың бірінші орынбасары – Зейнолла АБАЖАН
Бас редактордың орынбасары – Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ

Жауапты хатшы - Гүлмира САДЫҚ

Бөлім редакторлары:

Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)
Айнұр АХМЕТ (мәдениет)
Нұржан АСАН (көркемдеуші)

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Астана тілшілер қосыны:
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ
(8-702-931-89-86)
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)
Ақмола облысы:
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)
Арқалық қаласы:
Нұрсұлтан НҰРМАН
(8-702-688-84-87)
Алматы облысы:
Айтақын БҰЛҒАҚ (8-702-239-62-99)
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)
Мырзағали НҰРСЕЙІТ (8-701-771-6496)
Қанат БІРЖАНСАЛ (8-775-323-0850)
Батыс Қазақстан облысы:
Қажымұқан ҒАБДОЛЛА
(8-701-111-61-05)
Жезқазған қаласы:
Жанат АСАНҚАЛИ
(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)
Сәтбаев қаласы:
Абдолла ДАСТАН
(8-(71063) 7-20-97, 8-777-302-46-79)
Қарағанды облысы:
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)
Қостанай облысы:
Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)
Семей қаласы:
Рахат АЛТАЙ
(8-775-998-15-39)
Маңғыстау облысы:
Сағындық РЗАХМЕТ (8-775-379-84-88)
Түркістан облысы:
Әбдіғаппар АЙДАР
(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)
Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)
Түркістан қаласы:
Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

Атқарушы директор –
Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН

Тарату бөлімі:

Астанада:
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)
Шымкентте:
Мүтән ИСМАЙЫЛ (8-701-692-1340),

Астанада «Алты Алаш» (87015728847) дүңгіршіктерінде сатылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген. Куәлік №13976-Г (Алғашқы куәлік №1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз.
Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.
Газетте «Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында беттелді

АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

Редакцияның мекен-жайы:
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй

Байланыс телефоны:
8 (727) 398-57-31

E-mail: qazaquni2000@gmail. com
www. qazaquni. kz

Кезекші редактор –
Дастан ЕЛДЕС

ТОО «Қазақ үні»

БИН 000540006784
ИИК KZ508560000000385541
АГФ АО «БанкЦентрКредит»
г. Алматы, БИК KCJBKZKX, Кбе 17
Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды. Алматы қ. , С. Мұқанов к. , 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ

Ⓐ – материалдың жариялану ақысы төленген